



«ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ –  
ҰЛЫ СЕЗІМ»

10

# Almaty

## AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады |

№53 (6615) 13 маусым, жұма, 2025 жыл.

| www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

# ӘРБІР ЖОБА

тұрғындар игілігі үшін нақты нәтиже беруі тиіс



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Жетісу және Медеу аудандарына жұмыс сапарымен барды. Шаһар басшысы әр аудандағы өзекті мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

«Жөндеу жұмыстарының сапалы әрі дер кезінде атқарылуы маңызды»

Шаһар басшысы Жетісу ауданына іссапары барысында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жұмысымен танысты. Көшкінге қарсы қолға алынған шараларды және Қарасу өзенінің жағалауын абаттандыру жұмыстарын тексерді.

Әкім алдымен «Кемел» шағынауданына ат басын бұрды. Мұнда көшкін қаупі бар аумақтар анықталған. Қауіпті болдырмау мақсатында тіреуіш қабырғалар салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Қарасу өзенінің жағалауын қайта жаңғырту жобасы таныстырылды. Аталған жоба аясында спорт және балалар алаңдары, амфитеатр, скейт-парк пен түрлі арт-нысандар бой көтермек. Жағалауды абаттандыру жұмыстары 2026 жылғы сәуірде аяқталады деп жоспарланған.

Жетісу ауданында жалпы ұзындығы 26 шақырым жол жөнделмек. Оның 15 шақырымы «Кемел» шағынауданына тиесілі. Қала әкімі жөндеу жұмыстарының сапалы әрі дер кезінде атқарылуы маңызды екенін атап өтті.

– Бұған дейін де айтқанмын, барлық жол жөндеу жұмыстары жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталуы тиіс. Бұл аудан әкімінің тікелей бақылауында болады, – деп нақты тапсырма берді.

2

САРАПТАМА

# ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

шикізатқа тәуелділіктен арылуға мүмкіндік береді

Экономикалық тұрақты өсімді қамтамасыз ету – өзара байланысқан, жаһандық экономикалық даму барысында күрмеуі қиын мәселеге айналды. Себебі, әлемнің басқа бір бөлігіндегі геосаяси және әлеуметтік тұрақсыздықтар, тұтастай жаһандық сауда айналымына, логистикалық желілер мен экономикалық тұрақтылыққа тікелей және жанама түрде ықпал етуде. 2024 жылы ұлттық экономикамыз жаһандық дағдарысқа қарамастан, 5,1% өсім көрсетті. Биылғы жылдың алғашқы жарты жылдығында ел экономикасы тұрақты өсімді көрсетіп отыр.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ САҚТАЛЫП ОТЫР

1 ЭКОНОМИКА ӨСІМІ



2 ИНВЕСТИЦИЯ

2025 жылдың қаңтар–сәуір айларында негізгі капиталдың өсімі

₸541,3 млрд

3 ТУРИЗМ

2024 жылғы қалаға келген туристер саны

2,34 млн

Болжам бойынша 2025 жылы келетін туристердің жалпы саны

2,5 млн

4 ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС (ШОБ)

2025 жылы ШОБ-ты қолдауға бөлінген қаражат

₸70 млрд

4 ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА

2025 жылғы өсімі

₸3 трлн

30,5%

Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





# ӘРБІР ЖОБА

тұрғындар игілігі үшін нақты нәтиже беруі тиіс

(Басы 1-бетте)

## «Мектеп уақытылы тапсырылмаса, әлеуметтік пәтер де қабылданбайды»

Сапар барысында Дархан Сатыбалды Боралдай көшесіндегі жаңа 1200 орынды мектептің құрылысымен танысты. Айта кеткен жөн, бұл жоба аясында 4 мың пәтерлік тұрғын үй кешені де салынып жатыр. Оның 2,3 мың пәтері тұрғындарға әлеуметтік бағдарламалар аясында беріlmек.

– Егер мектепті уақытында тапсырмасаңыздар, біз әлеуметтік бағдарламаларға арналған пәтерлерді сатып алудан бас тартамыз. Ешқандай келісім болмайды. Мектепті тапсырмай, пәтер де қабылданбайды, – деп қала әкімі құрылыс компаниясына қатаң талап қойды.

«Айнабұлақ-1» шағынауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан абаттандыру жұмыстары да әкім назарына ілкті. Мұнда 1981 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жылу желілері жаңартылып жатыр. Жөндеу жұмыстары биыл тамыз айында толық аяқталмақ.

Одан бөлек, Жетісу ауданында реновация бағдарламасы бойынша 22 ескі үй бұзылып, оның орнына 12 жаңа үй салынды. Тағы



10 үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Қала әкімі бұл ретте әлеуметтік инфрақұрылымға түсетін жүктемені мұқият ескеруді тапсырды. Сапар барысында қала басшысы жергілікті тұрғындармен кездесіп, олардың өтініш-ұсыныстарын тыңдады. Бірқатар мәселе сол жерде жедел қаралып, нақты шешімдер қабылданды.

## Тау бөктерінде қауіпсіздік күшейтіледі

Қала әкімінің жұмыс сапары Медеу ауданында жалғасын тапты. Мұнда Дархан Сатыбалды сумен қамтамасыз ету, абаттандыру және төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексерді. Іссапар барысында шаһар басшысы

«Каменское плато» шағынауданында су құбыры мен кәріз жүйелерінің жаңа тарту желілерін белгіленген мерзімде салуды тапсырды. Ал «Таусамалы» шағынауданында өткен жылдың ақпан айында болған көшкіннен кейінгі қалпына келтіру жұмыстарына байланысты Дархан Сатыбалды жауапты мамандарға жыл соңына дейін барлық көлбеу беткейлерді бекіту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын аяқтауды тапсырды.

Алматы қаласының әкімі сондай-ақ, «Тереңкүр-2» маңындағы саябақ аумағын абаттандыру жұмыстарымен танысып, белгіленген мерзімді межені қатаң сақтауды, көгалдандыру сапасын қамтамасыз етуді және демалыс үшін қолайлы орта қалыптастыруды міндеттеді. Сонымен қатар, Әл-Фараби даңғылындағы сәулеттік жарықтандыру жобасы бойынша бірыңғай стильді сақтау және жұмыстарды қаланың өзге қызметтерімен үйлестіру жөнінде тапсырма берілді.

– Достық даңғылы мен Пушкин көшесі бойындағы абаттандыру учаскелерін де қарап шықтым. Жаяу жүргіншілер үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруды, барлық санаттағы азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуді жүктедім. Барлық жобалар бақылауда болады. Маңыздысы – әрбір жоба қаланың және тұрғындардың игілігі үшін нақты нәтиже беруі тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Әзірлегендер  
Досбол АТАЖАН,  
Ернұр РЫСБАЙ.

## САРАПТАМА

2025 жылы 24 мамырда Алматы қаласының әкімі болып тағайындалған Дархан Сатыбалды 26 мамырда Мемлекет басшысының қабылдауында болып, алдағы жұмыстың ба-сым бағыттары, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму, қала экологиясын оңалту және шаһар тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі жоспары туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполисті дамытудың негізгі міндеттері ретінде шаһар басшысына нақты тапсырмалар бергені белгілі.

## Бес бағдар, нақты тапсырмалар

Мегаполистің жаңа әкіміне тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру, қаланың инфрақұрылымын кешенді түрде жаңғырту, жол-көлік желісінің жағдайын жақсарту, экологиялық мәселелерді шешу міндеттелді.

Әдетте, саясаткерлердің жұмысына алғашқы 100 күніне қарай баға беріледі. Біз осы дәстүрді бұзбай Алматы қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Дархан Сатыбалдының атқарып жатқан жұмысын талдауға кірістік. Ол үшін алғашқы қадамдары мен мәлімдемелерін шолып шықтық. Себебі, басшының істі қалай бастағаны маңызды. Алдағы уақытта 100 күніне орай жеке сараптама дайындаймыз.

Шаһар басшысының алғашқы қадамдарын талдай келе, Дархан Сатыбалдының өз жұмысында ең алдымен ашықтыққа мән беретінін байқадық. Жеке Instagram парақшасы арқылы қалалықтармен байланыс орната бастады. Ресми әкім болып тағайындалғалы бері өз жұмысы жайлы алматылықтарды үздіксіз хабардар етіп келеді.

2025 жылы 24 мамыр – 11 маусым аралығында 49 жарияланым шығарды. Осы сараптамалық мақаланы дайындау барысында, яғни 12 маусымда 50-ші жарияланым шықты. Бұл әкім жұмысының сандық көрсеткіші. Осылайша Дархан Сатыбалды өзі уәде еткендей, алматылықтармен ашық диалог орнатуда.

# АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР:

ашықтық пен жүйелілік қағидаты

## Сапалық көрсеткіш

Енді әкім жұмысының сапалық көрсеткішіне тоқталайық. Ол үшін әлеуметтік желісіндегі әр жарияланымды талдап, жүйеледік. Алдымен, Дархан Сатыбалды басқармалар мен коммуналдық қызмет басшыларының алдағы жылыту маусымына дайындығы туралы есебін тыңдады. Елімізде соңғы жылдары ірі техногенді апаттар орын алуда. Сондықтан жылыту маусымына дайындық стратегиялық міндет болып саналады. Осы бағытта 29 мамырда жұмыс кеңесін өткізді.

Кейін Алматының жүйелі дамуы мәселесіне мән берді. Осыған орай, 30 мамырда қаланың поли-центрлік даму моделіне көшу стратегиясы жан-жақты таныстырылған «Алматыбасжоспар» мекемесінде жиналыс өткізді.

**Қала әкімінің алғашқы қадамдарын талдап, жұмысының негізгі үш бағытын айқындадық. Олар төмендегідей:**

- **Қаланың аудандарына жұмыс сапарлары арқылы ондағы жағдайды өз көзімен көру. Кемшіл тұстар болса, тапсырма беріп, жедел ретке келтіру;**
- **Алматы қаласы әкімдігі басқармаларының жұмысымен танысу;**
- **Қала мен алматылықтар үшін маңызды объектілер бойынша жұмыс. Бұл, әсіресе, Сайран көліне қатысты жиындарынан байқалды. Себебі, алматылықтар көлді жаңғырту жұмыстарының аяқталуын күтуде. Осыған орай, 2 маусымда көлді қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен сол жерге барып танысты. Ал 5 маусымда әкімдікте мердігер ұйым – «Павлодар өзен порты» АҚ Басқарма төрағасының есебін тыңдады.**

Бұдан бөлек, осы уақытқа дейін қала халқы жиі сын айтатын жарықтандыру мәселесіне назар аударды.

Маусымның басында қаладағы жарық жүйесінің ахуалымен танысты.

## Қоғамдық пікір не дейді?

Алғашқы екі бағытқа жеке тоқталайық. Қала аудандарына жұмыс сапарлары бойынша қоғамда мынадай жағымды пікір қалыптасты. Дархан Сатыбалды ең алдымен Алматының шеткі, әрі жаңа аудандарына мән беруде. Алғашқы жұмыс сапарын Алатау ауданынан бастады. Одан кейін Әуезов, Наурызбай, Бостандық, Жетісу және Медеу аудандарына барды. Әр ауданда әлеуметтік нысандардың, халық тынығатын орындардың жаңару барысымен танысты.

Екінші бағыт бойынша қала әкімдігі басқармаларының жұмысымен жеке-жеке танысты. 12 маусымға дейін Қалалық мобильділік, Энергетика және сумен жабдықтау, Экономика, Экология және қоршаған орта, Туризм, Кәсіпкерлік және инвестициялар, Білім, қоғамдық денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, Қоғамдық кеңістіктерді дамыту, Құрылыс, Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, Жер қатынастары, Сейсмикалық қауіпсіздік және жұмылдыру дайындық, Спорт басқармаларының есебін тыңдады.

Осы уақытқа дейін осындай жиындардың болатыны жайлы ақпарат аз берілетін. Берілгеннің өзінде қала басшысы жеке өзі жарияламайтын. Бұдан қандай қорытындыға келеміз? Дархан Сатыбалды жұмысында ашықтыққа және жүйелілікке мән береді. Бұл қандай нәтиже беретінін алда уақыт көрсетеді. Дегенмен, басы көңілге қонымды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.





Ұлттық экономика:

# ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

шикізатқа тәуелділіктен арылуға мүмкіндік береді

(Басы 1-бетте)

Елімізде кейінгі жылдары сәтті жүзеге асып келе жатқан экономикалық реформалар нәтижесінде экспорт пен импорт көлемін теңестіруге қадамдар жасалып, экономикада шикізатқа тәуелділіктен арылу мүмкіндігі туды. Ұлттық экономикамыздың жыл соңына дейінгі даму бағыты қалай болмақ? Оның өсіміне тікелей серпін беріп отырған қай салалар? Мақаламызда осы және еліміздің экономикалық дамуына қатысты өзге де маңызды сұрақтарды талдап көрелік.

- Ұлттық экономиканың негізгі драйвері ретінде көлік (23,1%), шетелдік инвестиция (18,2%) және құрылыс (15,4%) салалары көш бастап тұр.
- Қытай мен Еуропаны Каспий теңізі арқылы жалғайтын «Орта дәліз» жобасы тауар айналымы 62% артты.
- Шетелдік инвестиция мен жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша елімізде Алматы қаласы көшбасшы.
- Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, ЖІӨ 2025 жылы қаңтар-мамыр айларында 6% өсті.
- Еуропалық даму және қайта құру банктің есебінше, жыл соңына дейін ЖІӨ 5% өседі.

## Серпін берген салалар

Экономикалық өсім қарқыны бірқатар негізгі салалардағы өндірістің жеделдеуімен тығыз байланысты деп санаймыз. Себебі, жылдың алғашқы жартысында ұлттық экономикамыздағы жалпы ішкі өнім көрсеткішінің тұрақты өсуі, құрылыс, байланыс, транспорт, логистика салаларындағы өндіріс көлемінің артуымен тығыз байланысты болып отыр. Экономикамыздың басты драйверлерінің бірі – өнеркәсіп саласы 6,4%-ға өсті. Ең жоғары өсім Жамбыл облысында (+22,9%), өңірдегі руда өндіру, тыңайтқыштар, портландцемент және қант шығару өндірісінің жандануымен тікелей байланысты.

Сонымен қатар, ұлттық экономикамыздағы ауыл



шаруашылығы секторының үлесі де айтарлықтай өскен. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласы 4%-ды құрап, өңірлер бойынша Атырау (+10,4%), Солтүстік Қазақстан (+7,5%) және Ақмола (+6,5%) облыстары жетекші орынға жайғасқан. Бұл саланың қарыштап құлаш жаюы, сиыр еті, құс етін өндіру көлемінің өңірлердегі арнайы мемлекеттік қолдау бағдарламалары аясында артуымен тікелей байланысты.

Келесі жетекші сала, әрине, соңғы жылдары республикамыздың барлық өңірлерінде артып келе жатқан құрылыс секторы. Жаппай урбанизация, халықтың қала орталықтарына шоғырлануы, жұмыс орындарының артуына сеп болған құрылыс секторы соңғы алты айда 15,4%-ға артқан. Нәтижесінде 6 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда, 5,7%-ға жоғары.

## Инвестициялар және инфрақұрылым

Экономикалық өсімді қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі – ұлттық экономикаға салынған тікелей инвестиция. 2025 жылдың алғашқы бес айында бұл көрсеткіш 18,2%-ға өскен. Демек,

еліміздің экономикасы шетелдің ықпалды компаниялары мен инвесторлары үшін болашағы жарқын, сенімді аймақ ретінде қалыптасқандығын көрсетеді. Шетелдік тікелей инвестицияның басым бөлігі көлік, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым мен өнеркәсіптік жабдықтарға бағытталған. Сонымен қатар, биылғы жылдың алғашқы жартысында ішкі сауда айналымы 7,8%-ға өсті. Бұл дегеніміз, отандық шағын және орта кәсіпорындарының ықпалы артып, ішкі сұраныс пен ұсыныстың теңескендігін көрсетеді.

Алайда, жаһандық экономиканың даму барысын бақылап отыратын халықаралық қаржылық ұйымдардың болжамы әртүрлі. Мысалы, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) Қазақстан экономикасының 2025 жылы 5% өсім көрсететінін күтетінін жарияласа, Ұлттық Банк есебінше жылдық өсім, 5-6% аясында болмақ. Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) мамыр айында өзінің болжамын 5,2%-дан 4,9%-ға дейін төмендетіп, басты себеп ретінде жаһандық нарықтағы мұнай бағасының тұрақсыздығы, ОПЕК елдерінің мұнай көлемін арттыруы, жаһандық сұраныстың төмендеуі көрсетілген. Бұлар мұнай бағасы, ОПЕК+ шектеулері және жаһандық геосаяси белгісіздіктер сияқты сыртқы факторларға негізделген.

Қалай десек те, биылғы жылдың алғашқы бес айында ұлттық экономикамыз тұрақты өсім көрсеткішіне қол жеткізіп отыр. Өсім – өнеркәсіп, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы мен сауда сынды нақты секторлардағы жүйелі өзгерістердің нәтижесі.

Инвестициялық тартымдылық, инфрақұрылымдық жобалар мен цифрлық сектордағы ілгерілеу экономикамыздың құрылымдық жаңғыруын жеделдетіп отыр. Бұл дегеніміз – жәй ғана статистика емес, мемлекеттің стратегиялық реформаларын жүйелі жүзеге асырып отырғандығының айғағы.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,  
сарапшы,  
«Тұран» университеті.



## СТАТИСТИКА

# ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

2025 жылдың қаңтар-мамыр аралығында 6%-ға өсті



Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қазақстанның жалпы ішкі өнімі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, 6%-ға өскен.



Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

Мұндай нәтижеге өнеркәсіп пен құрылыс салаларынан бастап сауда, көлік

және байланысқа дейінгі негізгі салалардағы өсім қарқынының жеделдеуі ықпал етті. Өнеркәсіп өндірісі 6,4%-ға артты. Елдің 17 өңірінде өсім байқалды: ең жоғары өсім +22,9% көрсеткішімен

кен өндіру, тыңайтқыштар, портландцемент пен қант өндірісінің белсенді дамуының нәтижесінде Жамбыл облысында тіркелді. Түркістан және Жетісу облыстарында өндіріс 14,8%-ға, Алматы қаласында 14,1%-ға өсті. Шымкент қаласында өсім 18,9%-ға жетті.

Ауыл шаруашылығындағы өсім 4,0%-ды құрады (қаңтар-сәуір айларында тіркелді). Түркістан және Жетісу облысында (+10,4%), Солтүстік Қазақстан облысында (+7,5%) және Ақмола облысында (+6,5%) тіркелді, бұл негізінен мал мен құс сойымының артуы есебінен болды. Түркістан облысында өсім 6,3%-ды, Абай облысында – 3,6%-ды, ал Қостанай облысында – 4,8%-ды құрады.

Құрылыс саласы қарқынды дамып, 15,4%-ға өсті. Он сегіз өңірде өсім тіркелді, ал Маңғыстау облысында мектептер, тұшытқыш зауыт, мұнай және су құбырларын қайта жаңарту, аудандық аурухана және автожолдарды жөндеу сияқты ауқымды жобалардың арқасында жұмыс көлемі екі есеге артты. Қызылорда облысында өсім 64,5%-ды, Қостанайда – 57,8%-ды, Астанада – 51,8%-ды, Түркістан облысында – 46,6%-ды құрады. Тұрғын үй құрылысы да қарқын

алып келеді: бес айдың ішінде 6 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл былтырмен салыстырғанда, 5,7%-ға көп. Ең белсенді құрылыс Түркістан облысында (+25,5%), Шымкент қаласында (+23,4%) және Алматы облысында (+20,4%) байқалды.

Негізгі капиталға салынған инвестиция 18,2%-ға артты. Бұл өсім көлік, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымға, сондай-ақ жабдықтар мен жаңа өнеркәсіптік нысандарға бағытталған қаржы салымдарының есебінен қамтамасыз етілді. Сауда айналымы 7,8%-ға артты (қаңтар-сәуір айының қорытындысындағы 7,0%-бен салыстырғанда). Ішкі сауда құрылымында көтерме сауданың үлесі шамамен, 68%-ды құрайды. Ағымдағы жылдың қаңтар-мамыр айларында көтерме сауда 8,3%-ға, бөлшек сауда 6,5%-ға өсті.

Өсім қарқыны бойынша Түркістан облысы (+66,2%), Ақмола облысы (+48,9%) және Шымкент қаласы (+23,1%) алдыңғы қатарда. Байланыс және телекоммуникация саласы 2,8%-ға өсті. Бұл Интернет желісі қызметтері есебінен (+13,9%). Көлік саласы 23,1%-дық өсім көрсетті – бұл көбінесе жүк теміржол көлігінің (+17%) және құбыр арқылы тасымалдаудың өсуіне байланысты (+13,8%). Ең жоғары өсім Жетісу облысында (+39,1%), Абай облысында (+17,7%) және Ақтөбе облысында (+11,3%) тіркелді.

Үкімет елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуын жеке бақылауда ұстауды жалғастырып келеді.





КӨЛІК

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ 70-тен астам ұсыныс

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Онда көлік саласындағы мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бағытындағы талдау нәтижелері қаралды.

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аталған жұмыс ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тапсырмасына сәйкес сәуір-мамыр айларында еліміздің барлық өңірінде жүргізілді. Алматы қаласының Мемлекеттік қызмет істері департаментіне көлік саласындағы қызметтер бойынша кешенді талдау жүргізу тапсырылған болатын.

Жұмыс тобы осы саладағы нақты ахуалды зерделеу мақсатында, қызмет көрсетушілер мен қызмет алушылардың пікірлерін жинап, қолданыстағы ережелер мен ақпарат-тық жүйелерді сараптады. 13 бағыт бойынша жүргізілген

талдаудың ішінде құжаттарды қысқарту, кезеңдерді біріктіру, цифрландыру, қажетсіз қызметтерді алып тастау, мобильді қосымша арқылы қызмет көрсету мүмкіндіктері қаралды.

Іс-шара барысында жалпы саны 70-тен астам ұсыныс әзірленіп, тиісті мемлекеттік органдармен талқыланды. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін инвентаризация қызметін оңтайландыру мәселесі ерекше назарға алынды. Мақсат – халыққа ыңғайлы, ашық және сапалы қызмет ұсыну.

МЕГАПОЛИС



## МӘДЕНИ МАРАФОН

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында 90 жылдық мерейтойға орай бір жыл көлемінде 195 концерт өткелі отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен пресс-конференцияда жан-жақты айтылды.

Нұржамал  
ӘЛІШ

Филармония директоры Ақан Абдуалиевтың айтуынша, бұл мерейтой – еліміздің үлкен саз сахнасындағы тарихи сабақтастықты ғана көрсетіп қоймай, оның мәдени түрде жаңғырып жатқанын да паш етпек.

Жыл басынан бері филармония балалар үйінде, қарттар орталығы мен ерекше балаларға арналған басқа да мекемелерде қайырымдылық мақсатындағы осындай бірнеше концерт өткізіп үлгеріпті. Ұрпақтар сабақтастығы жобасының аясында қаңтар айынан бері қаладағы музыкалық оқу орындарының студенттерімен, оқушыларымен



бірлесіп концерт те өткізіп жатыр. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері мен О.Таңсықбаев атындағы сәндік және қолданбалы өнер колледжінің студенттері қатысқан «Филармония – жас суретшілердің көзімен» деп аталатын көркем пленэр соның бірі.

Филармония мен Б.Байқадамов атындағы Хор капелласының 90 жылдығы мен Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығынан суретшілер де қалыс қалмады. Қыркүйекте отандық және шетелдік музыканттар келіп қатысатын 90-шы концерт маусымы басталады. Ал қарашада Республика сарайында филармонияның 341 артисі қатысатын үлкен гала-концерт өтеді. Сөйтіп, Алматы ән-жырға бөленетін болады.

ЖИЫН



## ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Алматыда «Ауыл» партиясы активінің отырысы өтті

Жиынға партия белсенділері, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, ауылшаруашылығы саласының мамандары, кәсіпкерлер мен оқытушы-профессорлар, өзге де қоғам белсенділері қатысты.

Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

«Ауыл» партиясы: 25 жыл белесі» атты деректі фильм көрсетілді. Онда аталған партияның ширек ғасыр уақыттағы даму жолы, атқарған түрлі қызметтері мен тарихы қамтылған. Жаңа мүшелерге партия куәліктері мен төсбелгілері таратылғаннан кейін, жиын өзінің негізгі кезеңіне ауысты. Партия өкілдері еліміздегі ауыл-

шаруашылық өнімдері сапасын арттыру, ауыл-аймақтағы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, ел экономикасының даму бағыттарына үлес қосу туралы ойларын ортаға салды.

– Астанада осы тақырыпта конференция өткізілді. «Ауыл» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Серік Егізбаев мырзаның бастамалары талқыланды. Жаңа мүшелер қабылданып, партияның ауқымы кеңейе түсті, – деді «Ауыл» партиясының Алматы филиалы төрағасы Ахметбек Қоңырбаев.

Отырыс соңына қарай, партиялас әріптестері мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі экономист-ғалым Оразалы Сәбденге атқарған қоғамдық қызметі үшін құрмет көрсетіп, қазақтың дәстүр-салтына орай шапан жапты.

«ЕСТІТІН МЕМЛЕКЕТ»

## ДИАЛОГ АЛАҢЫ

түйінді мәселелерді шешеді

Алматыда жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам өкілдері арасында сындарлы диалог орнатуды көздейтін кездесулер өтуде. Іс-шараға аудандардың белсенді тұрғындары, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысуда.

Кездесулерде «Қоғамдық бақылау туралы» Заң туралы түсінік беріліп, азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл мәселелері қаралуда.

Іс-шаралар Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам арасындағы диалогты дамыту» жобасы аясында Халықаралық «Жанашыр» қорының ұйымдастыруымен жүзеге асырылуда. Аталмыш қордың президенті

Жаңыл Әпетованың айтуынша, жобаға Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері де белсене атсалысуда. Мәселен, тұрғындарға Марат Калимолдин, Ермек Кожамсүгіров, Болат Құрымбаев азаматтық қоғам мен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимыл мәселелері мен диалогты дамыту механизмдері жайлы егжей-тегжейлі түсіндіруде.

Алдағы уақытта ауданның белсенді азаматтарын оқыту семинарлары жоспарланған. Сондай-ақ, өзекті мәселелерді шешу алгоритмдері әзірленбек. Осылайша жоба шеңберінде қала аудандарындағы келелі мәселелерді у-шусыз, саяси сауатты, мәдениетті түрде билікпен сындарлы диалог арқылы шешетін, жергілікті атқарушы органдардың тиімді жұмыс істеуіне қоғамдық бақылауды заң аясында жүзеге асыратын сарапшылар тобының жұмысы жолға қойылмақ.

Нұр ЖАМАЛ.





ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

# ЗАҢ мен ТӘРТІП –

мемлекеттік саясаттағы  
басым бағыт

(Сурет жасанды интеллект)



Суретті түсірген автор.



НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

## НАРКОГРАФФИТИМЕН КҮРЕС

жүйелі түрде жүргізілуі тиіс

**К**ейінгі жылдары елімізде, әсіресе, Алматы қаласында жастарды есірткі бизнесіне тарту деректері жиілеген. Жасырын түрде өрбитін бұл дерт – қоғамды іштен ірітіп жатқан күрделі проблемаға айналып бара жатқандай. Соның ішінде ең қауіпті тенденция – «закладка» жүйесі. Бұл – есірткі тасымалдаудың қазіргі заманғы әдісі. Telegram арналары арқылы байланыс орнатылып, криптовалюта арқылы төлем қабылданады. Қылмыскерлердің көбі 15–25 жас аралығындағы жастар. Олар оңай табысқа кенелемін деп ойлап, өмірін ойран етіп жатады.

Ернұр  
РЫСБАЙ

«Закладчик» – тапсырысты онлайн қабылдап, есірткіні көрсетілген мекенжайға жасыратын адам. Ол затты жасырғаннан кейін тұтынушыға сурет пен мекенжай жібереді. Мұндай жүйе тікелей байланыс орнатуды қажет етпейді, сондықтан құқық қорғау органдары үшін де анықтау қиынға соғады. «Закладчик» болуға көбінесе жасөспірімдер мен студенттер тартылады. Алғашқыда «пустышкамен» – есірткі емес затпен сынақ өткізіледі. Кейін нақты затпен жұмыс басталады. Жарнамаларда «құжат қажет емес», «уақыты өзіңе ыңғайлы», «табыс жоғары» деген тартымды сөздер жазылады. Бірақ соңы – темір тор, жазасыз қалмайтын ауыр қылмыс.

2025 жылы 3 наурызда Қазақстанда есірткі тасымалдауға қатысты заңнамаға өзгеріс енгізілді. Алғаш рет ұсталғандарға 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкіні тәркілеу жазасы қолданылады (бұрынғысы – 5 жылдан 10 жылға дейін болатын). Бірақ бұл жеңілдік қайталанған қылмысқа жүрмейді. Қайтадан ұсталған жағдайда 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

2024 жылғы Алматы қаласының есірткіге қарсы статистикасы алаңдатарлық: 1 тоннадан астам есірткі, оның ішінде 117 кг синтетикалық заттар тәркіленген. Барлығы 760 құқық бұзушылық анықталып, 275 шөп сату фактісі тіркеліп, 105 закладчик ұсталған. Бұл – жәй ғана сандар емес, артында адасқан тағдырлар мен айырылған үміттер тұр.

### Алдын алу – басты басымдық

Бұл мәселеде тек жазалау жеткіліксіз. Отбасы, мектеп, қоғам және билік бірігіп жұмыс істеуі қажет. Ата-аналар баласының мінез-құлқындағы өзгерісті бақылап, ашық сөйлесе білуі тиіс. Мектептер мен колледждерде психологтар мен полиция қызметкерлерінің қатысуымен лекциялар, тренингтер ұйымдастырылуы керек. Жастарға нақты мысалдар арқылы есірткінің зардабы көрсетілуі – өте маңызды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде, Telegram,

TikTok желілерінде таралатын жасырын жарнамалармен күрес күшейтілуі тиіс. Бұлар – көзге көрінбейтін, бірақ сананы улайтын құралдар.

### Үш жақты меморандум

Жетісу ауданынан «Нашақорлыққа жол жоқ» деген ұранмен маңызды іс-шара өтті. Мұнда наркограффитимен күрес – көше қабырғаларына есірткі саудасын жарнамалайтын жазулармен күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Жақында аулалар мен көшелердегі қауіпті жарнамаларды жою жұмыстары ұйымдастырылды. Іс-шараға прокуратура, полиция қызметкерлері мен ерікті жастар қатысты.

Жетісу ауданы әкімдігі бұл мәселемен тек бір реттік акция аясында емес, тұрақты түрде айналысып келеді. Аудандық және қалалық прокуратурамен, полиция басқармасымен, сондай-ақ коммуналдық мекемелермен үш жақты меморандум жасалған. Келісім аясында кез келген мекеме немесе тұлғаның есірткі жарнамасын байқаса, дереу арнайы қызметтерге хабарлап, сол күні-ақ қабырғалардағы күдікті жазулар жойылады.

Бұл іс-шараға аудан колледждерінің студенттері, мектептердің жоғары сынып оқушылары және жастар ресурстық орталығының белсенділері қатысып, «Айнабұлақ» ықшамауданындағы күдікті жазуларды бояп, тазалау жұмыстарын жүргізді.

Көше қабырғаларындағы наркограффитиді бірінші болып көбінесе тұрғындар байқайды. Бұл жағдайда олар полиция бөлімшесіне немесе әкімдікке хабар беруі керек. Жетісу ауданы әкімдігі тұрғындардан келіп түскен әрбір өтінішті назарға алып, жедел әрекет етеді. Коммуналдық мекеме қызметкерлері көшелерді күнделікті бақылап, күдікті жазуларды анықтау жұмысына қатысады. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтауда олардың жауапкершілігі зор.

**ТҮЙІН:** Есірткімен күрес – тек полиция мен прокуратураның емес, бүкіл қоғамның міндеті. Бұл жасырын, бірақ өте қауіпті дертпен күрес – бүгінгі және ертеңгі ұрпақты аман алып қалу жолындағы әрекет. Әр ата-ана, әр мұғалім, әр оқушы, әр тұрғын ортақ іске өз үлесін қосуы тиіс. Қаланың қабырғасын бояп қана емес, сананы да тазалау – нағыз жеңіс сол. Себебі, жастарды есірткіден сақтау – болашақты сақтау деген сөз.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ӘЛКЕБАЙҰЛЫ,  
Жетісу ауданы әкімінің  
орынбасары:

#### Ұрпақ тағдырына жауапкершілік

Есірткімен күрес – бұл бір күндік акциямен шешілетін мәселе емес. Бұл – ұзақмерзімді, жүйелі жүргізілетін жұмыстардың нәтижесі. Наркограффити – бұл жәй жазу емес, жасөспірімдердің психологиясына әсер ететін құрал. Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан Жетісу ауданында бұл бағыттағы жұмыстар бір сәтке де тоқтамайды. Мектеп оқушылары мен студенттерді арнайы іс-шараларға қатыстыруымыз – олардың санасына бейсаналы түрде әсер етудің жолы. Қоғам бұл күресте шетте қалмауы тиіс. Егер тұрғындар күмәнді жазуларды байқаса, бізге хабарлауы керек. Бұл – ұрпақ тағдырына деген жауапкершілік.

Асқар ИЗТАЕВ,  
Жетісу ауданы прокурорының  
орынбасары:

#### Әр тұрғынның белсенділігі қажет

Есірткімен күресте құқықтық, ақпараттық және нақты іс-шаралар қатар жүруі тиіс. Жыл басынан бері біз «Нашақорлыққа жол жоқ» акциясы аясында 25 сайтты сот арқылы жауып, 150-ден астам интернет-ресурсқа тосқауыл қойдық.

Сонымен қатар, 140 наркограффити жойылды. Бұл – болуы мүмкін 140 қылмыстың алдын алу. Сондай-ақ, жаға ұстатар мәліметтер де бар, есірткі тасымалдаушының (закладчик) орташа жасы – небәрі он жетіде. Олар мұны қылмыс емес, курьерлік жұмыс деп ойлайды. Біз түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргіземіз. Біздің мақсат – тек қабырғаны емес, қоғамды тазарту. Бұл жолда әр тұрғынның белсенділігі қажет.

Досбол  
АТАЖАН

Іс-шара «Құқықтық қорғау және заң көмегін көрсету орталығы» заң консультанттар палатасы, Каспий университетінің «Әділет» жоғары құқық мектебі, «Параграф» ақпараттық жүйесі, Заң консультанттарының республикалық алқасы, Алматы қаласының Әділет департаменті бастамасымен өтті.

– Бұл іс-шара еліміздің елеулі белесі – Конституциямыздың 30 жылдығына орай өтіп отыр. Қазақстан Республикасы құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде жарияланғанын білесіздер. Аталған қағидаттарды іске асыру – азаматтарға тиімді және қолжетімді құқықтық қолдаусыз мүмкін емес. Мемлекетімізде жоғары заң күші бар Конституция әр азаматқа сот арқылы қорғануға, заң көмегін алуға кепілдік береді. Жалпы, заң көмегін көрсету құралдарын жетілдіру – адам құқықтары саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл азаматтардың сот жүйесіне сенімінің негізі, – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова.

Халықаралық конференция азаматтардың құқығын қамтамасыз етудегі заң консультанттары мен адвокатура институттарының рөлі мен даму перспективаларын талқылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы заң көмегін көрсету құралдарын жетілдіру механизмін талдау және жетілдіру үшін кәсіби алаң құру мақсатында ұйымдастырылды.

– Конституциялық Сот – сот деп аталғанымен де, өзге сот институттарына ұқсамайды. Біздің жұмыс істеп жатқанымызға 2,5 жылдай боп қалды. Бүгінге дейін бізге 10 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Бірақ оның 75 пайызы Конституциялық Сот қызметіне кірмейтін құқық қорғау органдарына, сот үкімдеріне қатысты шағым сынды өтініштер. Тек қалған 25 пайызы, яғни өтініштердің төрттен бірі нақты біздің міндеттерімізге кіреді. Біз осы уақытқа дейін 71 қаулы қабылдадық, оның 62-сіне тұрғындар өтініші бастамашыл болды, – деді ҚР Конституциялық Сотының судьясы, заң ғылымының докторы Роман Подопригора.

Іс-шара барысында конферецияға қатысушылар Қазақстан Республикасындағы заң көмегі жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын талқылап, азаматтардың құқығын қорғауда заң кеңесшілері мен адвокатураның рөлін талдады. Сонымен қатар, заң көмегі институттарының даму мәселелері мен перспективаларын ортаға салды және құқық қорғау тетіктерінің қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге қатысты ғылыми және практикалық тәсілдерімен алмасты.





## ● ҒЫЛЫМ

**Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен «Әділетті Қазақстан» бағдары қарқынды жүзеге асып келеді. Соның нәтижесінде білім мен ғылым саласында жарқын жетістіктер мен нәтижелі қадамдарға куә болып отырмыз. Ұлттық құрылтайда ұлт мүддесі мен мәдени-рухани құндылықтар мәртебесі ұлықталды. Еңбек адамына, мемлекеттік қызметкерлерге, білім мен ғылым ордаларына, әсіресе, жастарға қолдау артты. Бұл игі істер Қазақ елінің мерейін асыратыны анық. Ең бастысы, ұлт болып ұйысып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» бірлесе қимылдаған абзал. Осыған орай, келелі ойларды тұздықтай түсу үшін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, экономика ғылымының кандидаты Жанар ТЕМІРБЕКОВАМЕН әңгімелескен едік.**



## Жанна ТЕМІРБЕКОВА:

«ӘДІЛЕТТІЛІК» ҚАҒИДАСЫ  
негізгі ұстаным

## Мәртебелі рухани орда

– «Түркістанға ерекше мәртебе беру» туралы заң аясында қандай игі өзгерістер күтеміз?

– Осы маңызды Заңның дайындық процесі әуелі Президентіміздің инициативасымен басталып, қысқа ғана уақыт ішінде Түркістан облысы мен қаласының әкімдіктері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, Ақсақалдар кеңесі, ғалымдар, барлық Түркістан халқы боп жұмыла еңбек еттік. Менің ойымша, соңғы 30 жылда Түркістан қаласының әлеуметтік, мәдени және экономикалық трансформациясына университетіміздей зор үлес қосқан мекеме санаулы. Негізгі миссиямыз – ғылым өндірісі, кәсіби мамандарды даярлау, қарапайым адамды тұлға ретінде дамыту және адамдардың интеллектуал өміріне үлес қосу болғанымен, жанама түрде қоғамдағы өнімділіктің артуына, жұмыссыздықтың азаюына, жеке табыстың артуына, бұның нәтижесінде елдің экономикалық жағдайының жақсаруына қызмет ететін мәртебеге иеміз. Білім ордамыз осынау негізгі және жанама миссияларын абыроймен іске асыра береді.

Түркістан қаласына ерекше мәртебе берілуі тек біздің қаламыз үшін емес, бүкіл Қазақстан, тіпті, Түркі әлемі үшін маңызды шешім болды. Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі Түркістанның символы саналады. Бабамыздың атымен аталатын Халықаралық қазақ-түрік университеті де осы символдар сапында тұр, құрылған алғашқы күнінен бастап білім мен ғылымда, өнер мен мәдениетте, спорт пен туризмде барша әлемге Түркістанымызды әйгілі етіп, ұлы бабамыздың атын асқақтатып келеді. Бізде Ясауи бабамыздың ұлы мұрасын зерттеп, ғылым мен қоғам өміріне үлес қосуды мақсат ететін «Теология» факультеті бар.

Биыл елімізде аса көп назар аударыла бастаған креативті индустрияға сапалы кәсіби мамандар даярлайтын «Өнер, Медиа және Дизайн» деп аталатын үлкен факультет құрылмақ. Сонымен қатар, бір жылдары кішкентай ғана кафедраға айналып кеткен «Құқық» факультетін қайта жаңғырттық. Осылайша құқық пен заң саласына нағыз мамандар тәрбиелеп шығарамыз. Инклюзия орталығымыз да – жақсы жұмыс істеп жатқан үлкен бір орталық. Ерекше орталықтың жұмысы қалаға берілген ерекше мәртебемен бірге қарқынды дами түседі деп сенеміз.

## Ғылым мен білім ошағы

– Университетте ғылымды дамытуда қандай тың тетіктері бар?

– Ғалымдарымыз дайындаған жалпы бюджеті 4 млрд. теңгені құрайтын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру мега-жобасы былтыр барлық бағалау үдерістерінен сәтті өтіп, Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен жеңімпаздар тізіміне енді. Айта кетейін, бұл бағдарламаның мақсаты – медицина, биотехнология және экология бойынша кешенді зерттеулер жүргізу және Арал-Сырдария өңірінің интеграцияланған және орнықты инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін биологиялық ресурстарды тиімді басқарудың ғылыми-практикалық жолдарын әзірлеу, тұрақты өңірлік даму және қайта өңдеу өндірістерін бақылау үшін экологиялық мониторинг, жасыл технология және қолданбалы микробиология саласында консалтинг және инжиниринг инфрақұрылымын құру.

Бұл тек университетіміз үшін ғана үлкен жетістік емес, Түркістан облысының дамуына бағытталған көлемді жоба. Жалпы, университетімізде соңғы 4 жылдағы ғылыми жобалардың даму тенденциясы өте жоғары деңгейде. 2021–2024 жылдары Ұлттық ғылыми кеңестің мақұлдауымен жалпы 44 гранттық жоба мемлекеттік қолдауға ие болып, бұл жобалардың қаржыландыру сомасы 20 есе артып, 7,5 млрд. теңгеге жетті.

Бұдан бөлек, университетіміз жаһандық зерттеулерге негізделген Азия мемлекеттері университеттерінің Quacquarelli Symonds (QS): Asia University Rankings компаниясы әзірлеген рейтингте ТОП-200 оқу орны қатарына кірді. Еліміздің ЖОО-лары арасында рейтингте біз алғашқы ондыққа кіреміз. Мұның барлығы бір күнде болған шаруа емес, әрине. Сондай-ақ, соңғы екі жыл көлемінде TURKTIME жобасы бойынша 10 үлкен халықаралық конференция өткізіп, оған 30 елден 2500 ғалым келіп қатысты. Осылайша Түркістан қаласының ғылыми іс-шаралар туризмін дамытуға қызмет етіп келеміз.

Ясауи бабамыздың іліміне арналған «Ясауитану негіздері» пәнін оқу бағдарламасына енгізгенін атап өткім келеді. Бұл пәннің негізін қалаған көрнекті ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметұлы еді. Бүгінде университетіміздің табалдырығын аттаған әрбір студент осы пән арқылы Ясауи мұрасын терең меңгеруге мүмкіндік алады.

Оның рухани ілімі адамгершілік, тазалық, сабырлылық және ізгілік қағидаларына негізделген.

Ясауи ілімі жастарға рухани құндылықтарды сіңіріп, адамгершілік биігінен көрінуге бағыттайды. Университетімізде бұл ілімнің оқытылуы – болашақ мамандардың тұлғалық дамуына, ұлттық және мәдени бірегейлігін нығайтуға ықпал ететін маңызды қадам. Оқу орнымыз отандық ғылымды ғана емес, жалпы Түркі әлемінің ғылыми әлеуетін дамытуға ден қояды.

Әділ қоғам –  
жарқын болашақ

– Әділ қоғамды қалай түсінесіз?

– Университет тек білім беретін мекеме ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына, жаңа идеяларды жүзеге асыруына, қоғамның маңызды мүшесі болып қалыптасуына ықпал ететін кеңістік. Сондықтан негізгі мақсатымыз – тек кадрлар даярлау емес, әділеттілік, зайырлылық, меритократия қағидаттарына сүйене отырып, жастарға тең мүмкіндік беру.

Біз университеттегі қызметті тұрақты жүйенің қалыптасуына негіздеміз. Себебі, дамыған елдерде білім беру саласы жеке тұлғаларға емес, жүйелі саясат пен әділдікке сүйенеді. Осы ұстаным мен академиялық дәстүр қалыптасқан кезде ғана оқу ордасы шын мәнінде ғылыми орталыққа айналып, білім мен жаңашылдықтың ошағы болмақ. Осы ретте меритократия принципі ерекше маңызға ие. Яғни адамдар тек жеке таныстықпен немесе субъективті факторларға сүйеніп емес, өздерінің білімі, біліктілігі мен еңбегінің арқасында белгілі бір орынға ие болуы керек.

Бұл жер – тек бір адамның емес, тұтас университеттің және ондағы мыңдаған жастың болашағы. Сол себепті, жұмысқа орналасқысы келетін жастарға да дәл осы қағидаттар негізінде қарауға тырысамын. Біздің университетте «Әділетті Қазақстан» ұстанымын жүзеге асыру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Біз тек қана сапалы білім беруді емес, сонымен бірге студенттердің, оқытушылардың және қызметкерлердің құқығы мен мүмкіндігінің теңдігін қамтамасыз етуді басты мақсатымыз санаймыз. Сондықтан Ахмет Ясауи университетінің негізгі құндылықтарына «Әділеттілік» қағидасын қосып қойдық. Бұл біз үшін тек қағида ғана емес, бүкіл оқу орнының қызметінің негізгі ұстанымы.

Ал әділеттілік пен зайырлылық – қоғамның негізгі құндылықтары. Бұл қағидаларды университет қабырғасында қалыптастыру арқылы біз болашақта әділетті қоғамның негізін қалаймыз.

Тағы бір маңызды бағдарымыз – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жастар үніне құлақ асатын университет деңгейінде жүзеге асыру. Бұл дегеніміз, барлық шешімді тек ректордың немесе жеке тұлғалардың құзыретіне ғана қалдырмай, оларды комиссиялар, комитеттер және кеңестер арқылы қабылдау. Білім беру саласында ашықтық пен әділдік қамтамасыз етілгенде ғана университет өз әлеуетін толықтай жүзеге асыра алады деп ойлаймын.

Қазақ халқында «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген даналық бар. Біз осы ұстанымды басшылыққа ала отырып жұмыс істесек, елде жүріп жатқан реформаларға да өз үлесімізді қоса аламыз. Өйткені, әділдік тек заңдар мен құжаттарда ғана емес, күнделікті тәжірибеде, жұмыс барысында және қабылданын шешімдерде көрініс табуы тиіс.

Әлеуметтік қолдау –  
мамандарға тың серпін  
береді

– Қазір Түркістан көркейіп келеді. Тұрғын үйлер көптеп салынуда. Осыған орай университет қызметкерлеріне пәтер алуға көмек, жалпы қолдау көрсетіле ме?

– Білім мен ғылымды дамыту үшін сапалы инфрақұрылым ғана емес, осы салада еңбек етіп жүрген мамандардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету де аса маңызды. Бұл ретте біздің университетіміз өз қызметкерлеріне барынша қолайлы жағдай жасауға тырысады. Оның ішінде баспанамен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылады. Қызметтік пәтерлердің жеткілікті болуы – университеттің маңызды артықшылықтарының бірі. Еліміздің түкпір-түкпірінен, түрлі қалаларынан, шетелден келіп, білім ордамызда еңбек етіп жүрген мамандар баспана мәселесінде қиындық көрмейді деп сеніммен айта аламыз. Бізде университет аумағында қызметтік пәтерлер қарастырылған. Бұл олардың жұмысқа барына көңіл бөліп, ғылым мен білім саласында жоғары нәтижелерге жетуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспаналы болып жатқан әріптестеріміз де аз емес. Қазақстанда соңғы жылдары тұрғын үй бағдарламалары жүйелі түрде жүзеге асырылып, оқытушылар мен ғалымдарға жеңілдетілген шарттармен баспана алу мүмкіндігі беріліп жатыр. Бұл – еліміздің ғылым мен білім саласына деген шынайы қолдауының айқын көрінісі.

Министрлік тарапынан да ғылым саласындағы қызметкерлерге жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудан бастап, ғалымдарға гранттық және тұрғын үй мәселелері бойынша көмек көрсетуге дейінгі кешенді шаралар жүзеге асып жатыр. Бұл қолдаудың нәтижесінде ғалымдар мен оқытушылар өз жұмысын алаңсыз атқарып, жастарға сапалы білім беруге, тың зерттеулер жүргізуге мүмкіндік алады. Білім мен ғылымға жасалған инвестиция – болашаққа салынған инвестиция. Университетке жасалған әрбір қолдау түптеп келгенде бүкіл елдің дамуына әсер етеді. Өйткені, ғылымы мен білімі дамыған мемлекет қашан да әлемдік аренада бәсекеге қабілетті болады.

Сұхбаттасқан  
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





## БАЙҚАУ

Наурызбай ауданындағы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында» Оқу-ағарту министрлігінің жоспарына және қалалық Білім басқармасының мемлекеттік тапсырысына сәйкес «Театрдың ғажайып әлемі» атты республикалық театр өнері фестиваль-байқауының қалалық кезеңі өтті.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Осымен сегізінші мәрте өткізіліп отырған театр фестивалі – жас таланттардың шығармашылық әлеуетін танытып, көрермен жүрегіне жол тапты. Жалпы, театр дегеніміздің өзі сахнадағы шынайылық пен жан айқайының бірлескен өнері емес пе? Міне, сол өнерді мектеп оқушыларының жүрегімен жеткізе білуі шеберліктің шыңы болса керек.

Қалалық кезеңге сегіз ауданның іріктеуден өткен ең үздік 17 мектеп театры қатысты. Бұл жолғы байқау драмалық спектакль, музыкалық спектакль, әдеби-музыкалық композиция және қуыршақ театры сынды төрт бағытты қамтыды. Құрамында ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жомарт Зейнәбіл, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Елдар Отарбаев, кино және театр актері Олжас Сак, режиссер, сценарист Мұратжан Шомбалов және орталық директоры Айнұр Даулбаева сынды қазылар алқасына жас әртістердің өнерін саралап, баға беру де оңайға түскен жоқ.

Сонымен, кезекті театр фестивалі жас таланттардың шығармашылығын, сахналық шеберлігін айшықтап, әсерлі өнер мерекесіне айналды. Қойылымдардың әрбірі өзіне тән ерекшелігімен дараланып, көрерменге сан түрлі эмоция мен ой қалдырды. Мәселен, фестиваль шымылдығын ашқан №198 мектеп-гимназияның «Сахна Like» театры «Болмаған балалық шақ» қойылымы арқылы көрерменін терең ойға батырса, Ақберен Елгезектің шығармасына негізделген бұл спектакльде оқушылардың сахна тілі мен сезімін жеткізу шеберлігі бірден байқалып, айқын көрінді.

Ақош рөлін сомдаған оқушының әкеге арналған монологының тым әсерлі шыққаны сол, көрермен көз жасына ерік берді. Соғыс тақырыбына ерекше ден қойған №87 жалпы білім беретін мектептің «РостОК» театры «Дети, война...» қойылымын жүрек тебірен-терлік монологтармен, ал №162 мектеп-гимназиясының «Жасын» театры «Біз соғысты көрген жоқпыз» қойылымын, Сайын Мұратбектің «Жусан иісі» әңгімесін №176 мектеп-гимназиясының «THEAR» және №181 жалпы білім беретін мектептің «Жас сахна» театр ұжымы сахналап, өз

ерекшелігін танытты. Мұндағы оқушының дауыс ырғағы, актерлік шеберлігі, сахнадағы еркін қозғалысы мен шынайы эмоциясы – толыққанды кәсіби спектакль деңгейінде әсер қалдырды.

Қаламыздағы №104 мектептің «Жас сахна» театры отбасылық мәселеге терең үңіліп, «Бір түп алма ағашы» қойылымы арқылы ауыр тақырыпты ашып көрсетті. Бір айта кетерлігі, биылғы фестивалге лирикалық һәм трагедиялық бағыттағы қойылымдармен қатар, поэтикалық және пластикалық формалардағы ізденістер де еніп отыр.

Мәселен, №145 мектеп-гимназиясының «Фараби» театр ұжымы «Аққулар ұйықтағанда» поэтикалық қойылымында аққулардың ақ костюмдері мен ана рөліндегі оқушының шеберлігі арқылы қойылым көркемдігін арттырса, №206 мектеп-гимназиясының «Бағым» театры «Көк бөрі» пластикалық драмасы арқылы бидің тілімен ұлттық рухты оятты. Ертегі желісіндегі қойылымдар да көрерменнің көңілін жаулап, №79 мектеп-гимназиясының «Бәйтерек» театры музыкалық ертегіні сахналаса, №125 мектептің «Светлячок» театр ұжымы мен №43 мектеп-лицейінің «Алақай» ұжымы қуыршақ театры жанрына серпін беріп, сахналық техниканы ұтымды пайдалануымен ерекшеленді.



Жалпы, өнер тілі де тәрбие мектебі. Сондықтан қыз баланың тәрбиесі, ата-ананың үміті мен баланың мейірімі секілді әлеуметтік мәселелер де қалыс қалмады. Бұл тақырыпты көтерген №19 мектептің «XXI ғасыр» театр ұжымы «Курорт» спектаклі арқылы өмірдің шындығын жеткізді. Драматургиялық тереңдік пен стилистикалық ізденісті №15 мектеп-гимназиясының «Лицедеи» театр ұжымы «Демон Онегина» қойылымы арқылы көрсетті. Мұндағы жанды дауыс, пластикалық би, стильді костюмдер қойылымның көркемдігін күшейтті. Демон рөліндегі оқушының психологиялық тереңдігі мен эмоционалды шеберлігі ерекше бағаланды.

Ал №91 мектептің «Мәңгілік жастар» театр ұжымы Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» шығармасы арқылы Семей полигонындағы жарылыс трагедиясы мен балалық арманның тоғысқан тұсын жүрегімен жеткізді. Ләйланың айға мұңын шағатын монологы – көрерменнің жүрегіне қозғаған сахналық шешімдердің бірі болды. Әлеуметтік-психологиялық тақырыпты №53 мектеп-гимназиясының «Шамшырақ» театры «Шетелге сатылған қазақ баласы» драмасымен шетелдік отбасы асырап алған қазақ баласының өмір жолы мен күрделі

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жомарт ЗЕЙНӘБІЛ,**  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері:

### Бұл – ұстаздардың шеберлігі

*Фестиваль – оқушылардың шығармашылыққа деген құлшынысы мен әлеуетін танытқан, өнерге деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттырған тамаша алаң болды. Жас актерлердің сахнадағы сенімді ойыны, тақырыптардың тереңдігі мен сахналық мәдениеттің деңгейі – ұстаз еңбегінің нәтижесі мен болашақ театр өнерінің үміті екені анық. «Театрдың ғажайып әлемі» фестивалі – жас өнерпаздардың кәсіби сахнаға алғашқы қадамын жасайтын алаңы ғана емес, оларды өмірлік маңызды құндылықтарға баулитын рухани мектеп. Қатысушылардың театрға деген махаббаты мен еңбегі, ұстаздарының шеберлігі мен шыдамдылығы осы фестивальді шын мәнінде жарқын өнер мерекесіне айналдырды.*

тағдыры туралы баяндаған қойылым арқылы терең әлеуметтік мәселелерді қозғады. Балалар тағдыры, ұлттық тамырынан ажырау, ішкі күйзелістер көрерменнің жүрегіне жетіп, әр жанды ойландырды. №143 мектеп-лицейінің «Шамшырақ» театр ұжымы Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы арқылы нәзік сезім мен жан-дүниенің терең иірімдерін көрсетті. Әсіресе, Қамажай рөліндегі оқушының сахнада өзін еркін ұстауы мен табиғи тартымдылығы, мінездің нәзіктігін көрсетуі қойылымның әсерлі шығуына сеп болды. Жас актриса сахнада өте көркем көрінді. Ал №6 мектеп-гимназиясының «GAUDEAMUS» театр ұжымы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнап, «Война и любовь» қойылымы арқылы соғыс пен махаббатты аллегориялық бейнелер арқылы жеткізді.

Фестивальде үздік өнер көрсеткен театр ұжымдары мен актерлер түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Қалалық кезеңнің «Бас жүлде» иегері атанған №15 мектеп-гимназиясының «Лицедеи» театр ұжымы республикалық байқауға жолдама алды.

## ТАЛБЕСІК

# «КӨКТЕГІ ЖАЛЫН»

## Хиуаз Доспанова жайында жүрек тебірен-тер қойылым

М.Базарбаев атындағы №138 гимназияда Жеңіс күніне және Х.Доспанованың (15 мамыр) туған күніне арнап «Көктегі жалын» атты мазмұнды қойылым қойды. Бостандық ауданы Білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған бұл сахналық көрініс Ұлы Отан соғысының қаһармандары мен қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы Хиуаз Доспанованың ерлігіне арналды.

Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

майдандағы ерлігін жан-тәнімен жеткізді. Архивтік бейнематериалдармен әрленген сахна көрермендерді сол бір сұрапыл жылдардағы ерлік пен үмітке толы сәттерді көз алдарына әкелгендей болды. Нақты деректермен көрсетілген қойылымдағы эмоцияға толы сәттерінде зал толы көрермен көзіне жас алмай тұра алмады. Хиуаз Доспанованың бейнесін сомдаған 9-сынып оқушысы Гаухар Аят өзінің актерлік шеберлігін көрсетіп, батыр қыздың ішкі жан-дүниесін шынайы жеткізе білді. Сахналық шеберлік қана емес, Хиуаз

рухына деген терең құрметтің белгісін көрсете алған талантты қыздың өнеріне көрермендер риза болып, гүл шоқтарын ұсынды.

Мектеп директорының айтуынша, спектакль үш күн қатарынан сахналанған. Қойылымның сәтті шығуына мектеп ұстаздарының, атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Қуандық Зәкенов пен Лаура Рахимбаеваның еңбектері зор. Әдеби-сазды кешті генерал Айтқали Гусманұлы, ұлағатты ұстаздар – Мекебай Бұзаубеков, Раушан Оразалина, Сәния Тілеубай, Ақмарал Мағжанқызы, Алматы қаласы ІІБ ардагері Айгүл Шопшекбайқызы, «Ұстаз» кәсіподағының басшысы Серік Бейгутдинов, Бостандық ауданы «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Эльмира Сапарқызы, сонымен қатар, қала мектептерінің директорлары мен ұстаздары, ардагер педагогтар мен қоғам қайраткерлері және ата-аналар тамашалады. Кеш соңында қонақтар шығармашылық топқа алғыстарын айтты. Ардагер ұстаз Раушан Дүйсебайқызы: «Қымбатты оқушылар, қойылымдарың өте керемет болды. Осы өнерлерің арқылы патриоттық рухтарыңның мықты екенін көрсеттіңдер. Батырларымыздың рухына шынайы құрмет көрсете білгендерің – болашақ үшін үлкен үміт», – деп ризашылығын білдірді. Ал Бостандық ауданы Білім басқармасының басшысы Айгүл Жұмабекқызы: «Ауданымызда өнерлі, қабілетті балалар көп. Бүгін соның куәсі болдық. Осындай тағылымды кеш ұйымдастырған ұстаздарға, мектеп басшылығына және әр қатысушыға алғысымды білдіремін», – деп ықыласын жеткізді.

Қойылым соңында оқушылар «Жеңіс күні» әнін бірге шырқап, көрермендердің көңілін толқытып, сахнаны ерлік пен руханияттың символына айналдырды. «Халық қаһарманы» Хиуаз Доспанова апамыздың ерлігін сахнада қайта тіріліп, жас ұрпаққа тағылым көрсеткен аталмыш гимназияның ұстаздар қауымына, мектеп ұжымына алғыс білдіріміз.





# БИЗНЕС КОЛЛЕДЖДЕГІ БАСҚОСУ

балалар денсаулығы мен дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталды



**А**лматы мемлекеттік бизнес колледжінде биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында «Тұрақты гастрономия – аспаздық дәстүрлерді сақтау» деп аталатын маңызды басқосу өтті. Мұндағы басты тақырып – балаларды дұрыс тамақтануға үйрету және осы бағыттағы мәдениетті қалыптастыру жөнінде өрбиді. Жиынға қатысушы мамандар да тағам сапасына енген жаңа талаптарды тілге тиек етті.



Рая  
ЕСКЕНДІР

## Шетелдік тәжірибе – отандық білімге серпін

Алдымен сөз кезегін қалалық Білім басқармасының бас маманы Үміт Жиенбайқызы алып, Алматы қаласында соңғы үш жылда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері шетелдік тағылымдамалардан өтіп, өз тәжірибелерін білім беру жүйесіне енгізіп отырғанын жеткізді.

– Жыл сайын 200 маман шетелге тағылымдамалардан өтуге жіберілсе, соңғы екі жылда 400-ге жуық маман тәжірибе жинақтап қайтқан. Әрине, мұндай көрсеткіш Алматы қаласының білім жүйесінің халықаралық талаптарға бейімделіп жатқандығының нақты дәлелі. Өткізіліп отырған конференцияның да негізгі мақсаты – мамандардың шетелде жинаған білімдері мен тәжірибелерін жергілікті білім жүйесіне енгізу, әсіресе, мектептер мен колледждердегі оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мәселелерін талқылау. Яғни мұндағы ұштаған серіктестік – білім, бизнес және денсаулық, – деп атап өтті.

Сөз кезегін алған Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова мектеп пен колледждердегі тамақтануды ұйымдастыру ережелеріндегі соңғы өзгерістерге тоқталды. Спикер өз сөзінде ағымдағы жылдың 19 мамырынан бастап күшіне енген ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығы негізінде, балалар мен студенттердің тағаммен қамтылуына қатысты жаңа талаптар енгізілгені туралы баяндап, оның тиімді тұстарына тоқталды. Мұндағы біртұтас сатып алу платформасы арқылы азық-түлік пен қызметтерді жеткізуді ұйымдастыру, сапа мен санитарлық талаптарды күшейту, тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басымдық беру сынды жаңалықтар балалардың денсаулығы мен оқу үдерісінің тиімділігіне оң әсер етеді. Сонымен қатар, бюджет қаржысын ашық әрі тиімді жұмсауға да мүмкіндік береді. Осы орайда, өзім басшылық етіп отырған колледж қазіргі таңда



Керек дерек

Қазақстанда ересектердің 50%-ы артық салмақпен тіркелген, ал Алматыдағы балалардың семіздік көрсеткіші орта есеппен 12%-ға жеткен. Сонымен қатар, жыл сайын 350 мың тоннаға жуық тағам қалдықтары жиналады. Азық-түліктің 40%-ы шетелден әкелінеді. Мұның барлығы – тағам сапасына, бағасына және қолжетімділігіне тікелей әсер ететін жайттар екені анық.

аграрлық сала, туризм, органикалық фермерлік және кулинарлық брендтерді дамыту бағытында бірқатар жобалар жүргізіп жатыр. Біздің мақсатымыз – дәстүрлі мәдениетті сақтай отырып, оны заманауи стандарттарға бейімдеу.

Сонымен қатар, аталмыш іс-шараға тек білім беру қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ оқушылардың тамақтануына тікелей әсер ететін жұмыс берушілер мен жалпы білім беретін мектептердің өкілдері де қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Жалпы, осынау үш жақты серіктестіктің бала денсаулығы мен тәрбиесіне қатысты кешенді мәселелерді тиімді шешуге кеңінен мүмкіндік беретіні анық. Сонымен, аталмыш конференция – білім беру, денсаулық сақтау және тағам қауіпсіздігі саласындағы мамандардың басын қосып, балалардың денсаулығы мен дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды диалог алаңы болды. Қатысушылар осындай кездесулер арқылы Алматы қаласының білім беру жүйесі жаңа деңгейге көтеріліп, оқушылар мен студенттердің өмір сүру сапасын арттыруға нақты қадамдар жасалатынын жеткізді. Жиын соңында конференцияға қатысқан колледж жетекшілері жаңа талаптарды жүзеге асыруға дайын екендерін мәлімдеді. Сонымен қатар, болашақ асхана қызметкерлері мен тағам жеткізушілерді қайта даярлап, қауіпсіз әрі сапалы тамақтандыру жүйесін енгізуге белсене атсалысатындарын жеткізді.

Конференция барысында Алматы мемлекеттік Бизнес колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Л.Дұрымова, «QAZAGO» оқу орталығының директоры Г.Асамұратова, «COOKSKZ» ЖШС бас директоры А.Архангельский, С.Асфендияров атындағы ҚазМҰУ профессоры А.Қожахметова ерте жастан тамақтану мәдениетін қалыптастыру, салауаттылық, денсаулықты нығайту тұрғысында баяндамалар жасады.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Қайрат БЕГАЛИН,**  
Алматы қаласы  
мәслихатының  
депутаты, Денсаулық сақтау,  
білім беру және  
жұмыспен қамту  
мәселелері  
жөніндегі комиссия  
төрағасының  
орынбасары:



## Жаңа жобалар жүзеге асып жатыр

Тұрақты гастрономия – тек мәдениет емес, тұрғындардың денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Оның айтуынша, Алматы қаласында бұл бағытта мектеп асханаларын жаңарту, жергілікті фермерлермен серіктестік орнату, тағам қалдықтарын азайту, пайдалы тағам тұтыну мәдениетін насихаттау сияқты нақты жобалар жүзеге асып жатыр. Бізді толғандыратын негізгі мәселелердің бірі – тұрақты даму жағдайында әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау. Бұл тұрғыда еңбек нарығындағы әділеттілік, бақылау жүйелері және халықтың әл-ауқатын арттыру басты назарда болуы тиіс.



**Елена ТЕРЕЩЕНКО,**  
«Ордабасы Құс»  
ЖШС-ның  
Бас директоры:

**Халықаралық  
нарыққа  
жол ашатын  
маңызды  
жетістік**

Қазақстандағы тұрақты гастрономияда күркетауық етінің әлеуеті зор. Бұл өнімнің адам ағзасына тигізетін пайдасы да ұшан-теңіз. Сондықтан мектеп асханасындағы ас мәзірінен өзге, отбасында да күнделікті қолдануымыз керек. Соңғы жылдары бүкіл әлем сын-қатерлер – вирустық қауіптер, экономикалық тұрақсыздық және геосаяси шиеленістермен бетпбет келіп жатыр. Осындай жағдайда басқару жүйелерінің тұрақтылығы мен икемділігі аса қажет екені байқалады.

Былтыр еліміздің ғылыми қауымдастығы мен жоғары оқу орындары маңызды жобаларды жүзеге асырды. Бұл – отандық өнімдердің халықаралық нарықтарға шығуына жол ашатын маңызды жетістік. Елімізде өндірілетін бірқатар тауарлар бүгінде арнайы брендке айналып, Алматы символының бір бөлшегіне айналды. Сонымен қатар, студенттік орта да айтарлықтай өзгеріп жатыр. Осы ретте дұрыс тамақтану, өндіріс пен тұтыну мәдениетінің өзгеруі – бұлардың барлығы бізді жаңа шешімдер іздеуге итермелейді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# ДЕМАЛЫСТЫҢ ТИІМДІ ТҮРІ

**Алматы қалалық Білім басқармасы БАҚ өкілдеріне арнап мектеп жанындағы лагерьлердің жұмысына байланысты пресс-тур өткізді.**

## Эксклюзивті экскурсиялар мен шығармашылық шеберханалар

Балалардың жазғы демалысының тиімді өтуі үшін арнайы дайындалған бағдарламада эксклюзивті экскурсиялар мен шығармашылық шеберханалар бар. Сонымен қатар, биыл да мектеп жанындағы жазғы лагерьлерде тегін тамақтану ұйымдастырылды. Алматы қалалық әкімдігі балалардың жазғы демалыстарын жайлы өткізу үшін ерекше жағдай жасап, үнемі басты назарда ұстап отырады. Дәл қазір жазғы демалысын қалада өткізетін балалар мемлекеттік және жеке қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелер мен секцияларға белсенді қатысып жатыр. Бұл ұйымдарда үйірмелердің 40-қа жуық түрі бар.

Сондай-ақ, лагерьге жолдама алған балалардың белсенділігі ерекше, демалыстан бас тартқан жан жоқ көрінеді. Ең бастысы – балалардың демалыстағы қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп отыр. Биылғы демалыс ережесіне қатаң санитарлық бақылау, аумақты қорғауды жақсарту мен балаларды үнемі медициналық тексеруден өткізу сияқты қосымша іс-шаралар қамтылды. Сәтін салса, енді қала маңындағы лагерьлердегі демалыс маусымы басталып, кесте бойынша тамыз айының соңына дейін жалғасады. Балалармен жүргізілетін жұмыстардың барлығы дерлік Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып отырған «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасына негізделген.

## «Жаз – болашақ мамандықпен»

Алматы құрылыс-техникалық колледжі ұйымдастырған «Жаз – болашақ мамандықпен» атты бағдарламасы аясында оқушылар столярлық, дизайн және құрылыс негіздерімен танысады. Орта мектеп оқушылары ағаш ұстасы мен графикалық дизайнды меңгереді, құралдармен жұмыс істейді және SketchUp көмегімен 3D модельдеу негіздерін үйренеді. Бұл тәжірибе



балаларға алғашқы кәсіби дағдыларын алуға көмектеседі. Оларға қажетті құралдар таныстырылып, нақты жобалар жасап көруге мүмкіндік беріледі. Кей балалар дәл осы курстан кейін болашақ мамандығын анықтап жатады.

## Ұлттық рух пен тарих

Наурызбай ауданындағы №208 мектеп жанынан ұйымдастырылған «Этно City» этнолагері жас ұрпақты отансүйгіштік

рухында тәрбиелеуге және Қазақстан мәдениетін құрметтеуге арналған бірегей алаң болып табылады. Мұнда балалар қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының атмосферасына еніп, қазақ халқының мәдени мұрасымен терең танысады. Мектеп ауласында киіз үй тігу, домбыра тарту, қамшы өру, жіп иіру – мұның бәрі шынайы өмірден алынған тәжірибе. Лагерьде бірнеше киіз үй жұмыс істейді, олардың әрқайсысы декор элементі ғана емес, сонымен қатар нағыз білім беру кеңістігі.

Лагерь бағдарламасы аясында дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сыныптары өткізіледі, онда балалар қазақтың әшекейлерімен танысады.

«Біз үшін жаз – тынығу кезеңі ғана емес, тәрбиенің де маңызды сәті. Лагерь балаларға болашаққа қадам жасауға мүмкіндік береді. Жазғы маусымда мектеп жанындағы лагерьлер арқылы біз балалардың дамуын тоқтатпай, оны жаңа бағытта жалғастырамыз. Бұл тек демалыс емес – бұл баланың тұлға ретінде қалыптасуының бір сатысы, этнолагерь – балалар жолының қасиетін баланың бойына сіңіру алаңы. Біз дәстүрімізді кітаптан ғана оқытып қоймай, өмірде сезінуге үйретеміз», – дейді мектеп басшысы Гүлбағда Есейханқызы.

## Жаңа білім мен дағдыға толы өмір

– Қалада қазіргі таңда 200-ден астам жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Олардың әрқайсысында оқу жылы аяқтала сала, мектеп жанындағы лагерьлер жұмысын бастайды. Барлық балалар жергілікті бюджет есебінен лагерьлерге тегін барады. Бастауыш сынып оқушылары мен ХӘТС қатарындағы балалар үшін тегін тамақтану ұйымдастырылды. Шілде айында мектептер жаңа оқу жылына дайындалып, жөндеу жұмыстарын жүргізеді, ал тамыз айында лагерьлер жұмысын жалғастырады, ай бойы таңертең түскі асқа дейін оларға тегін, тамақсыз баруға болады. Сонымен қатар, жақын арада жергілікті бюджет есебінен қала маңындағы лагерьлер де жұмыс істей бастайды. Қазіргі уақытта балаларды демалысқа қабылдауға дайын ұйымдар арасында конкурстық іріктеу жүргізілуде. Сондай-ақ, қосымша білім беру үйірмелері жұмыс істеуде: қалада 19 мемлекеттік және 122 жеке ұйым жұмыс істейді, онда 28 мыңнан астам бала оқиды, – деп атап өтті қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Мұхтар Тәжібаев.

Қаланың әр түкпірінде жұмыс істеп тұрған мектеп жанындағы лагерьлер – балалар үшін ұмытылмас сәттерге, жаңа білім мен дағдыға толы нағыз өмір мектебі. Бұл лагерьлер – жай ғана демалыс орны емес, болашақ мамандықтың алғашқы баспалдағы ұлттық рухтың ұясы, инновациялық ой алаңы. Жас ұрпақтың сапалы өсуі мен дамуына жағдай жасап отырған ұстаздар мен ұйымдастырушыларға ата-аналардың да алғысы шексіз. Жаз – демалыс қана емес, жаңару уақыты. Бұл лагерьлер – соның айқын дәлелі.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.








ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

# «ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ – ҰЛЫ СЕЗІМ»

Мұрат Мұхтарұлы Әуез – ұлт аманатын арқалаған тұлға еді



Ұлт тарихында халқының ғасырлық рухани жүгін арқалап өткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі де бірегейі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, мәдениеттанушы, жазушы, дипломат, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі Мұрат Мұхтарұлы Әуез дер едік. Ол «Тарихты тану – болмысты сақтау. Ал болмысы жоғалған ел – мәңгілік бола алмайды» деп жүріп, қазақты ең алдымен өзіне танытқысы келді. Танытты да. Бүгін ақтық демі таусылғанша қазақ руханиятына адал қызмет етіп, ұлттың жадын жаңғыртуға бар саналы ғұмырын арнаған дара перзентін дана халқы 2024 жылы дәл осы күні – 14 маусымда арулап, ақтық сапарына шығарып салғаны ойға оралып отыр. Қазақстанның Еңбек Ері, қазақ әдебиетінің классигі, белгілі жазушы-драматург Дулат Исабеков ағамыз бағалап кеткендей, «оның бойында руханияттың тұтас дәуірі бар еді. Ол – тек әке аманатын емес, ұлттың аманатын арқалаған азамат болды».

кездесулер мен мәдени іс-шараларда қазақ халқының тарихи тағдыры мен болашағы туралы өткір ойлар айтып, жастардың ұлтжандылық рухын оятуға белсене атсалысты. «Жас тұлпар – біздің буынның ұлттық рухты алғаш оятқан тегеуріні болды. Ол – ішкі отымызды тұтатқан алау еді», – деген еді өзі бір сұхбатында.

Мұрат ағамыз өзінің өмір жолын әке көлеңкесінде емес, өз биігінде қалыптастыра алған тұлға. Мәскеу мемлекеттік университетін үздік тәмамдап, әдебиет пен мәдениетті терең меңгерді, Шығыс өркениетін зерттеуде мол мұра қалдырды. «Ұлтжандылық деген бұл – Ұлы сезім... Біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры – осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені, заман – қатал», – деп жастарға бағдар беріп қана қоймай, осы жолда өзі де шындалды.

«Азия» мен «Шығыс» ұғымдарын ұлт болашағымен байланыстырып, қазақты өзінің тарихи өркениеттік кеңістігіне қайта оралту идеясын көтерді. Ал ұлттық мүдде туралы айтып-жазғандары – әлі күнге дейін өзекті. Дипломат ретінде де еліміздің шетелдермен мәдени байланысын нығайтуға зор үлес қосты. Қытай Халық Республикасындағы елшілік қызметі кезінде екі ел арасындағы мәдени диалогты дамытуға көп еңбек сіңірді. «Мұрат – ойлы, терең, ұлт тағдырына бей-жай қарамайтын шынайы зиялы еді» (Олжас Сүлейменов).

Халқымыздың аяулы перзенті Мұрат Мұхтарұлы Әуез шын мәнінде зиялының зиялысы болды. Ұлтқа мінсіз қызмет етті. Қайда жүрсе де, «қазаққа қайырлы не бар?» деген сауалды жадынан шығармай, ұлттық мәселелерге биік пайыммен қарады. Ешқашан ұрандатқан емес, бірақ терең де ойлы тұжырымдары қоғам санасына дөп тиетін. Қазақ руханиятына, әдебиеті мен мәдениетіне өшпес қуатты калорит, өнегелі із қалдырған «культуртрегер» үшін «елім» деген ұғым ерекше қастерлі, қасиетті еді. Ғұмыр бойы «ұлтты сақтау – ұрпақты оятумен басталады» деген ұстанымынан бір айнымады. Біз оның өз ұлтымен үндескен адами болмысын, адамгершілігін, кішіпейілдігін, парасат-пайымын әлі талай сағынышпен еске алатын боламыз. Ұлттық руханиятымыз бен мәдениетіміздің символына айналған тұлғаның еңбектері мен қағидалары жас ұрпақ үшін өнеге мектебіне айналары, ұлтқа қызмет етуге бағыт беретін мәңгілік шамшырақ болары хақ...

Мұрат ағамен ең алғаш «Лениншіл жас» газетінің сол кездегі Бас редакторы, қабырғалы қаламгер Уәлихан Қалижан ұстазымның тапсырмасымен қазақ қоғамы үшін тарихи ақтаңдақ саналып келген әйгілі «Жас тұлпар» ақиқатын зерделеу мақсатында 1990 жылы жүзбе-жүз кездескен едім. Сол жолы Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов, Мақаш Тәтімов және тағы басқа да бір топ ұлттық мақсат-мүдделері мен патриоттық көзқарастары үшін кеңестік қуғын-сүргіннің талай құқайын көрген жастұлпаршылармен көзбе-көз сырласып, талай архивтік құжаттармен танысудың сәті түскен. Нәтижесінде «Ленжастың» бірнеше нөміріне жалғасқан «Жас тұлпар» әлеуметтік-деректі очеркі жарияланып, оқырмандардан мыңдаған хаттар келді.

«Жас тұлпарды» қайта тірілтіп, жан бітірген сол жарияланымнан кейін жастар газетінде алпысыншы-сексенінші жылдары тұтас ұлтты тұқыртқан кеңестік тоталитарлық режимнің саясатына қарсы жас қазақ интеллигенциясы құрған көптеген ұйымдар, «Жерлестік», «Сарыарқа», сондай-ақ «ЕСЕП» (Елін сүйгер ерлер партиясы) ұжымы сияқты тағы басқа да бірлестіктер жайлы бірқатар материалдар

берілді, ал очерк негізінде тұңғыш деректі кинофильм жарық көрді.

«Жас тұлпар» қозғалысының құрылуы – жастұлпаршылардың азаматтық ұстанымы мен өмірлік миссиясы айқындалған маңызды кезең еді. Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастары құрған сол атақты қозғалыстың негізін қалаушылардың бірі – Мұрат Мұхтарұлының әр тұжырымы тағылымға толы. Ұйым отарлық санадан арылу, қазақ жастарының рухын көтеру сияқты мәселелерді ашық қозғап, кеңестік идеологияға қарсы шыққан зиялы толқынның алғашқы қарлығашы болды. Жас Мұраттың сол кездегі еркін ойы мен батыл байламдары кейінгі бүкіл өмірлік жолының бағдарына айналды. Өзі бұл қозғалысты «ұлттың ояну дәуіріндегі жауапкершілікті алғаш сезінген сәт» деп жиі еске алатын.

«Жас тұлпар» – ұлттық сана мен рухани тәуелсіздік үшін күреске жұмылған ұйым – сол замандағы Кеңес үкіметінің қатаң идеологиялық қысымына қарамастан, қазақтың тілі, тарихы, мәдениеті жайлы ашық та батыл пікір айтып, рухани еркіндікке ұмтылған алғашқы буын. Мұрат Әуез – ұйым ішіндегі пікірталастарға ғана емес, түрлі студенттік

## ● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов (1943–2024) Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыстану факультетін (Қытай филологиясы) тәмамдаған. Қазақ және шығыс өркениеті, мәдениетаралық байланыс, ұлттық болмыс тақырыптарын терең зерттеген ғалым, публицист. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланып, Кеңес Президиумының мүшесі, парламентаралық байланыстар жөніндегі Комитет төрағасы болды, Қытай Халық Республикасындағы Қазақстанның Төтенше және өкілетті Елшісі қызметін атқарды. «Қазақфильм» киностудиясын (Бас редактор), Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасын (директор) басқарды, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының аясында кеңесші, сарапшы ретінде жұмыс істеді. «Шыңғысхан және Қазақ әлемі», «Қазақ халқы және өркениет жолы», «Шыңырау», «Ділім» сынды танымдық еңбектердің авторы.

Төрехан ДАНИЯР.





ТУСАУКЕСЕР

# «РАФАЭЛЬ ӘЛЕМІ»

Ұлттық кітапханада Рафаэль Ниязбектің «Библиографиялық көрсеткіші», «Рафаэль әлемі» және ақынның жары Күлшән Мұхамадиеваның «Табыс сыры» атты мемуарлық кітабының тұсаукесері өтті. Көзін көргендер сағынышпен еске алды. Естеліктер айтылып, ақынға деген сағыныш бір сәтке де толастамады.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Өр мінезді, батыр болмысты ақын, жазушы Рафаэль Ниязбек көмейінен жыр, таңдайынан сөз, маңдайынан тер төгіліп жүріп, елге қызмет етудің ерекше үлгісін көрсетіп кетті. Қиын кезде де қаймықпай, ойындағысын ойып айтты. Мінезді ақынның қаламынан Қонаевқа арнаған бірнеше туынды туды. Жұрт Қонаевтың атын айтуға қорық-

қан кездің өзінде Рафаэль ақын 300 өлең арнап, 6 кітап шығарған еді.

Айтулы ақынға Шешенстанның «Ұлт намысы» ордені мен Мемлекеттік сыйлығы қоса берілді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері атанды, басқа да марапаттары жетіп жатыр. Ең бастысы – соңында мол мұрасы – 56 кітабы қалды.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Күлшән МҰХАМАДИЕВА,  
Рафаэль Ниязбектің жары:

### «Кеудесіне періште қонған ақын»

Рафаэльдің алпыс үш жылғы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Оның көзі кетсе де, сөзі қалды. Мәселен, «Рафаэль әлемі» кітабына кезінде шықпай қалған дүниелері, сондай-ақ, «Өнегелі өмір» цикліне сыймай қалған туындылары еніп отыр. Міне, төрт жылдан бері Рафаэльдің жазған-сызғанын жинақтап, басын қосып, жарыққа шығарып жатқан жәйім бар. Бұл бір адамның қолынан келетін іс емес. Соңындағы халқының құрметі дер едім.

Мәселен, жұбайымның өмірден өткеніне төрт ай болғанда «Рафаэльді ұмытпаймыз» хабарына шақырды. Одан кейін «Сара сөзге» шығарды. Қонаев туралы жазған тарихи романын «Үркер» басып шығарды. Алматы қаласының мемлекеттік архивінің төртінші қабатынан бірінші болып Рафаэль бұрышын ашты. Қазір ол жерде тоғыз адамның бұрышы ашылды. Рафаэльдің қайтыс болғанына жүз күн толғанда «Қазақ әдебиетіне» мақалам шықты. Одан кейін де «Қазақ әдебиетіне» «Өзіңіз өткен алты ай – жарты жыл» деген мақалам шықты. Сосын бір жыл өткенде «Кеудесіне періште қонған ақын» деген мақалам шықты. Үш жылдығында «Өмір деген» мақалам шықты. Радиода да Рафаэльдің оншақты хабары болды. Өзім де радиода қырық жылдай жұмыс жасадым. Әйтеуір қолымнан келгенше еске алып, есімін жаңғыртып жазып жатқан жайым бар.

## «ҚАЙРАТ ӘЛІМБЕК ОҚУЛАРЫ»

Қазақтың талантты ақыны Қайрат Әлімбектің есімі жырсуіер қауымға да, «Алматы ақшамы» газетінің оқырмандарына да жақсы таныс. «Бар қаруым – өткір ой, қалам ғана» деп, қаламгерлік ұстанымын өлеңмен өріп, мына жарық дүниеге сыймай кеткен ол газетіміздің алғашқы қадамдарын қалыптастыруға өзіндік үлесін қосып, қолтаңбасын қалдырған қазақ поэзиясы мен журналистикасының қарымды тұлғаларының бірі еді.

Өкінішке орай, біз 2006 жылы Қайраттан көз жазып қалдық, әріптесімізді қапыда кездейсоқ жол апаты жалмап кетті. Әттең, қаншама маржан жырлары мен көшелі ойлары жазыл-

май қалды. Көзі тірі болғанда, 16 маусым күні Қайрекеңнен мерейлі жасына орай жыр-шашу күтер едік. Осы дата қарсаңында редакциямызға Қайрат Әбдіраманұлының тұяғы, немересі Әбдірахман баламыз хабарласып, атасы жайлы шағын эссесін жолдапты. Қарымды журналист, дарынды тұлға болуды мақсат еткен жас өреннің түрлі шығармашылық байқауларға, оқуларға қатысып, мақала жазып жүргені қуантты. «Атамның жолын қуып, ізін жалғау – үмітім!» депті. «Ұлан» газетінің жас тілшісі, «Алматының жас жазушысы – 2025» атты жас жазушылар байқауының жүлдегері атаныпты. Қабыл алыңыздар.

«Асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы»... Иә, дәл осы сөздерді мен жиі естимін. Атам Қайрат Әбдіраманұлы Әлімбек – дарынды ақын, қарымды журналист, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты.

Ол 1963 жылы 16 маусымда Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. Жастайынан әдебиетке, поэзияға қызығып, өлең жаза бастаған. Газет-журнал редакцияларына барып, өлеңдерін басылым беттеріне жариялап жүргенде әдебиет әлеміне қадам басады. Артынан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетіне оқуға түседі.

1985 жылы оқуды тәмамдап, еліміздегі бірқатар беделді басылымдарда жауапты қызметтерді атқарады. «Арай-Заря» журналындағы қызметі кезінде болашақ жары Қуанышқұл Сұлтанқұзымен танысады. Ол туралы әжем өзінің берген бір сұхбатында былай деп баяндапты: «1987 жылы мен «Арай-Заря» журналына жұмысқа орналасуға бардым. Сонда Әшірбек Көпішев ағамыз мені Қайратқа та-

быстады. Терушінің орны бос екен. Бірақ менің тәжірибем жоқ еді. Қахаң диктовка жасады, мен жазу машинкасына басып отырмын. Жылдамдық жоқ. Тұсауа Әшірбек ағамыз келіп, Қайраттан менің жұмысқа қабілет-қарымымды сұрады. Сонда ол: машинканы жақсы басады екен, – деді мүдірместен. – Қахаңа ұнаса болды, қабылдайық, – деп, мені жұмысқа алды.

Көп ұзамай бір күні, «маған тұрмысқа шығасың ба?» дейді. Мен қапелімде не дерімді білмей, сасып қалдым. Арада бір сәт үнсіздік орын алды. «Немене, шыққың келмей тұрма?» – деп, сұрақтың астына алады. Не ашуланарымды, не күлерімді білмедім. «Қалай, мұндай ұсынысқа жауапты бірден, жылдам беру керек пе?», – деймін ғой. Сөйтсем айтады: «біз ақын деген осындай адамдармыз. Ұнатсақ, бірден ұнатамыз, ұнатпасақ, бірден ұнатпаймыз». Алланың жазуы шығар, екеуіміз сол 1987 жылдары таныстық, 1988 жылы дүниеге тұңғышымыз келді. Қахаңның кейіннен – «бірінші өзін жұмысқа алдым, сосын кейін өзім алдым», – деп айтатыны сол.

Атамның достары: «барлық ақын

# «БАР ҚАРУЫМ – ӨТКІР ОЙ, ҚАЛАМ ҒАНА»



ған жетісулықтар жиналған бұл іс-шарада Қайрат Әлімбектің баспа бетін көрген және көрмеген барлық өлеңдері жинақталған «Жоқ іздеген жігіт» атты жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Сол күні үлкен сахнада сөз сөйлеп, арнауымды оқыдым. Атамды сағына еске алдық... Курстас достары естеліктерімен бөлісіп, атамның сөзіне жазылған әндер шырқалды.

Іс-шара соңында асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы, ақын Қайрат Әлімбектің немересі Әбдірахманның, яғни менің қолтаңбамды алғысы келгендер қатары көп болды.

Жылы лебіздерін білдіріп, ақ баталарын берді.

Сол сәтте атамның салған ізімен журналистика саласына нақты бару қажет екенімді түсінгендей болдым. Бос уақытымда түрлі архивтерден атамның жазған мақалаларын жиі оқып тұрамын. Атамның жазу стилінің ерекше болғаны анық. Мен де атам секілді қарымды журналист, дарынды тұлға болғым келеді. Ол үшін түрлі шығармашылық байқауларға, оқуларға қатысып, мақала жазып жүрмін. «Ұлан» газетінің жас тілшісі атанғаным да сол еңбектің жемісі деп білемін. Быыл «Алматының жас жазушысы – 2025» атты жас жазушылар байқауына қатыстым. Бағым мен бабым қатар шауып, жүл-

делі үшінші орынды қанжығаладым. Жазушылар одағының сахнасында үлкен толғаныспен сөз сөйледім. Себебі, 20 жыл бұрын, яғни 2005 жылы сол сахнада атам өзінің алғашқы және соңғы шығармашылық кешін берген... Сөзімді аяқтаған соң, орныма жайғасып едім, екі кісі келіп:

– Қайраттың немересісің бе? – деп сұрады.

– Иә, тұңғыш немересімін, – дедім.

– Айналайын, Қайратты көргендей болдық! – деп балаша қуанып батасын берді. Олар – Қанат Қайым мен Болат Үсенбаев аталарым екен. Әңгіме арасында:

– Мен атаңмен «Алматы ақшамында» қызметтес болдым. Алматыда алғаш айтыс өткенде Қайрат екеуіміз түнімен айтыс теріп, таңертең баспаға бергенбіз, – деп Қанат ата атаммен бірге жұмыс істеген жылдарын еске алды.

Бір өкініштісі, атам небәрі 43 жасында жол апатынан марқұм болды... Мен атамды көрмедім... Әжем атам туралы естеліктерін көп айта-тын. Көп ұзамай ол да келместің кемесіне мініп, кете барды... Қуантарлығы, Жетісу өлкесінде «Қайрат Әлімбек оқулары» басталды. Тұрақты түрде әр екі жылда бір рет жалғасын табады. М.Тынышбайұлы атындағы облыстық өлкетану мұражайы мен Қаратал аудандық тарихи-өлкетану мұражайында атамның заттары қойылған. Есімі мен шығармашылығын ұмытпайтын оқырманы барда Қайрат Әлімбектің екінші ғұмыры мәңгі жасары анық. Ол қысқа ғұмырында қазақ поэзиясының көрнекті өкіліне айналған тау тұлға. Ал оның өлеңдері рухани аманат боп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек...

Әбдірахман ҚАЙРАТ,  
Қ.Әлімбектің немересі.



Асылбек ЕСІРКЕПОВ:

# НАУҚАСҚА ТАБЫС КӨЗІ ДЕП ҚАРАУ – ДӘРІГЕРЛІК АНТЫҢДЫ БҰЗҒАНМЕН ТЕҢ



Нұржамал  
ӘЛІШ

## Ғылым жолы күрделі

Бұрын тісі ауырып, безек қаққан адамның тісіне күшәла салып емдеген болса, қазір мүлдем ауыртпайтын анестетиктер пайдаланып, сапалы емдеуге жол ашылған. Хирургиялық стоматология саласында – имплантология, ортодонтия саласында – брекет жүйесі, ортопедиялық стоматологияда сандық технологиялардың көмегімен жасалған тіс протездерінің заманауи түрлері кеңінен қолданыла бастады.

Иә, біз стоматологиялық аурулардың ішінде тісжегі мен пародонт тінінің аурулары (қанжел, қанқұрт) туралы білеміз, ал осы саладағы бет-жақ сүйек ақауларымен аса таныс емеспіз. Қазіргі стоматолог-дәрігерлер тек тіс ауруларын ғана емдемей, ауызда кездесетін

**Стоматолог дегенде, қарапайым тілмен айтсақ, әдетте, тісімізге құрт түссе, соны емдейтін, емдеуге жарамаса – жұлатын, орнына протез тіс салып беретін мамандық иесі келеді көз алдымызға. Қате көзқарас. Қазір стоматология саласы көш ілгері дамып кетті. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері – ақ халатты абзал жан, қарапайым еңбек адамы – тіс дәрігері Асылбек Есіркепов осы саланың өз өкілі, ортопед-стоматолог. С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Стоматология мектебі деканының орынбасары, медицина ғылымының кандидаты, доцент, жоғары санатты дәрігер. III дәрежелі «Алтын ұстаз» медалінің иегері.**

патологияларды, яғни тіс пен тіл, таңдай мен ұрт, қызылиек пен шықшыт, т.б. ауруларын да емдей алады. Оған қоса, жақ-бет аймағында кездесетін неше түрлі ақау-жарақатқа түрлі аппараттармен күрделі протездер қолданады. Біздің кейіпкеріміз бұл дәрежеге жету үшін де талай белестен өткен. «Күнделікті өмірде кездесетін жол апаты, күйіп қалу, үсік шалу сынды оқиғалардан және онкологиялық отадан кейін пайда болған бет-жақ сүйек аймағындағы жарақаттарды емдеу – қиынның қиыны», – дейді ол.

Талай ауыр науқасты ажалдан құтқарып алған онкологтар сияқты ортопед-стоматологтар да аз тер төкпейді. Себебі, ауыр операциялардан соң бет-жақ аймағында қалған тыртықтардың әсерінен пациент алдына келген асты шайнамақ тұрмақ, аузына сала алмай қалып жатады. «Тіпті, елмен сөйлесуі, тілдесуі де мұң болады», – дейді дәрігер Асылбек Әбдірасылұлы. Тісінде, ауыз қуысында елеулі кемістігі бар немесе апатты жағдайдан кейін жағы қисайып, сөйлеуден қалған адамдар қоғамдық ортада өзін қор санап, жайсыз сезінетіні тағы бар. Тіпті, бет-жақ сүйегіндегі сондай кінәратынан жұмысқа да тұра алмайтын, отбасынан да айырылатын жандар аз кездеспейтін көрінеді. Түптеп келгенде, мұның әлеуметтік зардабы орасан деуге болады.

Заманауи технологиялармен жабықталған жеке клиникалардың өзі бұл

салада бірден жұмыс істеп кете алмайды. Себебі, тым күрделі сала. Қазір елімізде ортопед-стоматолог өте аз көрінеді.

Ал талай науқастың алғысына бөленген кейіпкеріміз еліміз бойынша әзірге бірегей маман болып тұр. Оны тіпті, шетелде қыруар қаржыға ота жасатқан, бірақ оған көңілі толмаған отандастарымыз жиі іздеп келетін көрінеді. Бекер емес. Асылбек Есіркепов кезінде «Операциядан кейінгі бет-жақсүйек аймағында кемістігі бар науқастарға ортопедиялық емді жетілдіру» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған ғалым-дәрігер. Ғылым жолы оңай емес. Себебі, медицина нақты дәлдікті, дәйекті зерттеуді талап етеді.

## Ізденген жетер мұратқа

Ол – 40-тан астам ғылыми мақаланың, 1 патенттің және 5 ұтымды ұсыныстың иегері. Қытайда, Швецияда, Болгарияда, Минскіде, Мәскеуде, Бішкекте, Ташкентте, тағы басқа да мемлекеттерде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция, съездерде Қазақстан атынан тәжірибесімен бөлісіп, баяндама жасаған ғалым-дәрігер. 30 жылдан астам уақыт медицина студенттеріне ортопедиялық стоматология пәні бойынша дәріс оқыды. Талапшыл ұстаз болғанын жасырмайды. Бо-

лашақ мамандардың практикалық сабақ пен педагогикалық ғылымды ұштастыра білуіне аса мән береді. Медицинада мемлекеттік тілдің аясын кеңейте түсуге де бір кісідей атсалысты. Сабақ барысында әрдайым студенттерге қойылған сұраққа шетелдік терминдермен емес, таза қазақша жауап беруді талап етеді.

## Кәсіби шеберлік

Бүгінде қалада жеке стоматология самсап тұр. Әрине, бәсеке бар жерде ілгерілеу де болады. Стоматологияға бизнестің көзімен қарайтындардың көбейгені де жасырын емес. Бұған медициналық қымбат құрылғылардың көбі шетелден әкелінетіні де себеп болуы мүмкін. Дегенмен, бұл тұрғыда Асылбек Әбдірасылұлы: «Әрине, барлық нәрсеге бизнес көзімен қарауға болады. Бірақ әр нәрсенің шекарасын білуіміз керек. Ал алдына келген науқасқа табыс көзі деп қарау – дәрігерлік антыңды бұзғанмен тең» дейді. Кейіпкеріміздің клиникасының өзгелерден басты ерекшелігі – бет-жақ сүйегінде ақауы бар жандарға қызмет көрсету. Ауыз қуысындағы, тісіндегі сырт көзге ұрып тұрған ақаумен онсыз да күйзеліспен тіршілік кешіп жүрген жанға адал ниетін аямайды.

Науқастың ауыз қуысының өлшемін ауыртпай, асқан дәлдікпен алудың, бет-әлпеттегі ақаудың топографиясын құюдың, протез дайын болғанда оны тиісті орнына түрлі амалмен бекітудің де ерекшеліктері бар. Әрине, бұл үшін де кәсіби шеберлік керек. Дәрігер кешегі пациентінің бұрынғы жүдеу өңіне ажар да кіргенін, бойына сенімділік те орнағанын байқап, алғаусыз көңілмен шын қуанып, толқып қалатынын жасырмайды. Адамдарға жарқын сәттер сыйлап жүрген жанның өмірі қашан да нұрлы болары сөзсіз.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

# ТЕРІ ДЕ «АУЫРАДЫ»

немесе микоз туралы не білеміз?

**Мегаполистегі №2 емхананың I санаттағы дерматовенерологы Азадям Ибрагимова микоз деген тері ауруының пайда болу себебі мен оны емдеу жолдары туралы кеңес берді.**

Тері микозы – уақытылы емді қажет ететін, кең таралған ауру. Дұрыс диагностика жасап, ауруды емдеген жағдайда ешқандай жайсыздық сезімі болмайды дейді маман. Тері микозы дегеніміз – теріде саңырауқұлақ секілді пайда болатын инфекциялық ауру. Бұл инфекция эпидермистің беткі қабаты мен терінің терең құрылымын зақымдайтын, қабыну, қышыну, қабыршықтану секілді жайсыз белгілері бар ауру. Көп жағдайда ауру адамнан немесе жануармен байланыста болғанда, аяқкиім, қолорамал, киім секілді ортақ заттардан да жұғады.

Микоздар көбіне бассейн, сауна, душ секілді аса ылғалды орталарда таралады. Диабет, АИТВ, гормоналдық бұзылу секілді созылмалы аурулары бар және иммунодепрессанттар ішетін адамдар бұл ауруды тез жұқтырып алады. Сондықтан гигиеналық тазалыққа аса мән берген абзал.

Күтінудің қарапайым жолы: қазір күн ыстық, гигиена ережесін сақтап, табиғи матадан тігілген кең киім киген дұрыс. Сондай-ақ, дененің үнемі суланып, тер-

леп тұрмағаны маңызды. Аяқкиім мен шұлықты жиі ауыстыру пайдалы. Жуынғанда терінің толықтай кебуіне мән берген жөн. Әсіресе, қолтық асты мен саусақтар арасы дұрыс кепкені жақсы. Жеке бастың гигиенасы қатаң сақталуға тиіс, әркімнің жеке сүлгісі болғаны дұрыс. Бассейн, душ, жаттығу залы секілді қоғамдық орындарда жалаң аяқ жүрмеу керек. Тырнақ пен теріге көңіл бөліп, қабынған жағдайда бірден дәрігерге көрініңіз.

Тері микозының айрықша белгілері: жараланған аймақтағы терінің қабынып, қызаруы; қабыршықтанып, жарылуы; терінің дызылдап, қышуы әсерінен тершең болу; теріде ойық жара пайда болып, күлдіреуі; тырнақ айналасының зақымдануы. Иә, микоз өкше, саусақ арасы, тырнақ, кеуде, бет, тіпті шашты да зақымдауы мүмкін. Тері микозын емдеуге арналған кең таралған жүйелік препараттар бар. Олар: топикалық препараттар; терінің зақымданған бөлігіне жағатын клотримазол, миконазол секілді құрамында тербинафин бар кремдер, жақпа май және спрей; ауру қатты асқынған кезде итраконазолды немесе флуконазолды қолдануға болады. Бірақ әр науқасқа денсаулық жағдайына қарай бөлек ем жүргізілетінін ұмытпаған жөн. Сондықтан сала мамандарынан қажетті кеңес алу үшін пациент ең алдымен өз дәрігеріне жүгінгені абзал.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## БЕТ – АДАМНЫҢ АЖАРЫ

•Теріңіз құрғап, қабыршақтанып тұратын болса, демек ағзаңыздағы зат алмасу процесі, қан айналымы бұзылған, қанға оттегі жеткілікті деңгейде жетпейді және дұрыс тамақтанбайсыз, яғни дәрумендер жетіспейді. Сондықтан тамақ рационына А және С витаминдеріне бай азық-түлікті көбірек қосқан абзал.

• Егер бетіңіздің құрғауы жас ұлғайған кезде көбірек байқала бастаса, онда бүкіл организміңізде су тапшы деген сөз. Сондықтан күн сайын 5-6 стақан су ішіп, ылғалдандырғыш кремдер жағып жүріңіз.

• Құрғақ теріні бөлме температурасындағы сумен жуған абзал. Себебі, тым суық су қан тамырларын жіңішкертеді де, тері босап тартып, әжімденіп кетеді. Ал, керісінше, ыстық су қан тамырларын кеңейтіп терідегі тесіктерді ұлғайтып жіберуі мүмкін.

• Бетіңізді сабынмен жиі жумаңыз, қатты құрғатып жібереді. Теріні қыста қоректендіру маңызды, ал жазда ылғалдандыруға көбірек мән беру керек.

• Ұйықтар алдында беттегі косметиканы міндетті түрде жуып тастау керек. Ерініп макияжбен ұйықтап қала беретін болсаңыз, тері ерте қартайды. Тері де демалу керегін ұмытпаңыз. Айтпақшы, бет массажы қан айналымын арттырады.





## ЭКОЖҮЙЕ

# ҚАЖЕТСІЗ ДӘРІ-ДӘРМЕК

## қайта өңделіп, кәдеге асады

Алматыда енді дәрілерді экологиялық түрде кәдеге жаратуға жол ашатын қабылдау пункттері бар. Биылғы маусымнан бастап мегаполистің 36 емханасына арнайы контейнерлер орнатылды. Тұрғындар қолданылмаған, жартылай пайдаланылған немесе сақтау мерзімі өтіп кеткен дәрілік препараттарды сол қорапқа салып кетуіне болады.

Жоба Алматы қаласы әкімдігінің, ECO Network экологиялық ұйымының және STADA халықаралық фармацевтикалық компаниясының қолдауымен жүзеге асырылуда. Ұйымдастырушылар дәрілік заттардың қауіпті қалдықтар санатына жататынын айтып отыр. Олардың көзін дұрыс жоймаған жағдайда, құрамындағы белсенді заттар топырақ пен суға өтіп, онда жылдар бойы сақталып, табиғи экожүйені бұзуы мүмкін.

Proxima Research сараптама-лық компаниясының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы Қазақстанда 1,46 миллиард орам дәрі тұтынылған. Сонымен қатар, көптеген препарат пайдаланылмай қалып, уақыт өте келе оларды қауіпсіз түрде жою қажеттілігі туындайды. Дәрілерді қабылдау пункттерін құру – фармацевтикалық қалдықтарға жауапкершілікпен қарап, өңдеу мәдениетін қалыптастыруға және олардың қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.

Қабылдауға жарамды заттарға тек таблетка мен капсула, жақпа, крем, гель, ампула, флакон, сироптар және дәрілік сұйық

ерітінділер жатады. Шприц, инелер, инфузиялық жүйелер және қанмен жанасқан кез келген медициналық қалдықтар қабылданбайды, оларды арнайы медициналық ұйымдарда арнаулы түрде кәдеге жарату қажет.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ,  
ECO Network ұйымының негізін қалаушы:

### Адамзатқа қауіпсіз болуы керек

Еуропа елдеріне қарағанда Қазақстанда дәрілік заттарды қауіпсіз түрде кәдеге жарату жүйесі әлі қалыптаспаған. Алматылықтарға дәрілерді тиісті тәртіппен қайта өңдеуге тапсыруға болатын мүмкіндік ұсына отырып, әр азаматқа қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосу үшін жағдай жасағымыз келеді. Бүгінде қажетсіз дәрілер әлі де қоқысқа тасталып немесе кәрізге төгілуде. Ал бұл экожүйеге, адам денсаулығына қауіп төндіреді. Жиналған дәрілердің қауіпсіз және экологиялық талаптарға сай кәдеге асуын арнайы мамандандырылған ұйым қамтамасыз етеді. Кәдеге жарату процесі ашық, әрі бақыланатын болады.

## ЖОҒАРЫ САПА

# ҮЗДІК ЕМХАНА

## ЖҰМЫСЫ

### толығымен мемлекеттік тілде жүргізіледі

Сапа және аккредиттеу институты сыртқы кешенді бағалау нәтижелері бойынша Алматы қаласының №25 қалалық емханасына аккредиттеудің жоғары санатын берді.

Осы орайда емхананың озық тұстары мен жетістіктеріне тоқтала кетейік. Аталған денсаулық мекемесінде «Озық тәжірибе орталығы» жобасы сәтті іске асырылды. Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті пациентке бағдарланған үлгіде ұйымдастыру енгізілді. Материалдық-техникалық жарақтандырылу және кадрлардың біліктілік деңгейі жоғары. Бекітілген пациенттермен бірлесіп медиктік-әлеуметтік жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Бұл – Алматы қаласындағы аккредиттеу процесі толығымен мемлекеттік тілде жүргізілген және ішкі ережелері мен стандартты операциялық процедуралар қазақ тілінде ұсынылған санаулы емханалардың бірі. Сарапшылар ерекше атап өткен тұстар:

- инфекциялық бақылау мен стерилизацияны ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығы;
- қозғалысы шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдайлар (пандус, автотұрақ, шақыру түймесі) жасалған;
- заманауи цифрлық шешімдер енгізілген: қызметкерлердің биометриялық сәйкестендіруі, кабинеттегі QR-кодтар, электрондық тақта мен кезек алу жүйесі.

Емхана 2022 жылы Алматы қаласы бойынша «МСАҚ деңгейіндегі үздік мейірбике» номинациясында 1-орынға ие болды және қаланың спорттық өмірінде де жоғары нәтиже көрсетті.

## ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

# АНА

## АЛҒЫСЫ

«Ақ халатты абзал жандар, аппақ оның тілегі, ізгіліктен жаралғандай саусағы мен жүрегі», – деп ақын жырлағандай, осынау мәртебелі мамандық иелеріне алғыс айтпайтын жан сірә, жоқ шығар. Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Алматы қаласының байырғы тұрғыны, еңбек ардагері Қалес Айнақұлова хабарласып, жүрекжарды лебізін білдірді.

– Күнделікті күйбің тіршілікпен кейде көп нәрсені байқай бермейміз. Қоғамда жаратқан иемізден кейін, дертімізге дауа болып, жанымызды арашалап қалатын абзал жандардың жанкешті еңбегін көріп, сезінген кезде мен осындай ойға келемін. Адам жас кезінде денсаулықтың қадірін бағалай бермейді ғой. Ал жылдар өтіп, жасың келген сайын ауруханаға жиі барып кететініміз рас.

Мен сүйікті басылымым – «Алматы ақшамы» арқылы Түрксіб ауданына қарасты екі емхана ұжымына, атап айтсам, Гүлжиян Қалиева басқарып отырған №24 және Нұрдаулет Өмірбековтің жетекшілігіндегі №32 емхананың ақ халатты абзал жандарына, барлық үлкен-кішіге аналық алғысымды білдіремін. Абырой биігінен көрініп жүрген дәрігер, медбикелер әлі талай адамның дертіне шипа болып, көңіл жылуын да қатар сыйлайтынына еш шүбәсізбін.

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

# БІЛІКТІ КАДР БӘРІН ШЕШЕДІ

## Алматылық дәрігерлер әлемде ең сирек кездесетін кеселге сәтті ота жасады

Алматы қаласындағы Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында медицина тарихына енетін өзгеше оқиға болды. Отандық дәрігерлер жаңа туған нәрестеге әлемдік тәжірибеде небәрі 30 рет тіркелген аса сирек кездесетін патология бойынша сәтті ота жасады.

Бөбек жарық дүниеге келген секундта-ақ өздігінен дем ала алмады. Бет пен мойын тұсында пайда болған, көлемі 4х4 сантиметр болатын үлкен өскін кеңірдек пен жоғарғы тыныс жолдарын қысып тастаған. Сәт санаулы еді. Нәресте шұғыл түрде тасымал инкубаторы бар реанимобильмен Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына жеткізілді. Бастапқыда мамандар бұл жиі кездесетін қатерсіз ісік – лимфангиома деп топшылады. Алайда, жағдай әлдеқайда күрделі болып шықты. Рентген, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография өскіннің өмірлік маңызы бар қан тамырлар мен шеткі жүйке талшықтарын да қамтығанын көрсетті.

«Өскін жұтқыншақ пен көмей аймағын, құлақ маңындағы шайнау бұлшықеттерін басып, тыныс жолдарын тарылтқан», – дейді жақ-бет хирургі, медицина ғылымының докторы Серік Нұрмағанов.

Екі сағатқа созылған аса күрделі де «зергерлік» отаның нәтижесінде көлемді түзіліс толықтай алынып тасталды. Нәресте алғаш рет еркін тыныстады. Алайда, дәрігерлерді алда үлкен «тосын сый» күтіп тұрды. Гистологиялық зерттеу «ісік» деп ойлаған тіннің ми тіні екенін көрсетті. Бұл тәжірибелі мамандардың өзін таңқалдырған жаңалық болды.

«Гетеротопиялық ми тіні – эмбрион дамуы кезінде ми жасушаларының бас сүйек қуысы сыртында орналасуы-



нан туындайтын аса сирек туа біткен аномалия», – деп түсіндірді орталық директоры Әлібек Смағұлов.

Статистикаға сүйенсек, көмей-жұтқыншақ аймағында орналасқан мұндай ми тіні барлық гетеротопия жағдайының 0,1%-ынан да аз. Қайғылы аяқталуы мүмкін оқиға толықтай сәтіммен болды. Сәби дін аман. Бұл – Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы дәрігерлерінің кәсіби біліктілігін дәлелдейтін жалғыз оқиға емес. Былтыр орталықта түрлі даму ақауы бар 49 нәрестеге ота жасалды. Ал 2025 жылдың басынан бері перзентханадан 24 нәресте жедел хирургиялық көмекке жеткізілген. Әрбір сәтті емнің артында – кәсіби біліктілік пен адам өмірін құтқаруға арналған жанкешті еңбек жатыр.

Бетті әзірлеген

Нұржамал ӘЛІШ.



●

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# «ФЕМИНИЗМ»

## Заман талабы ма, әлде ұлтқа төнген қауіп пе?

**Бүгінгі әлемде гендерлік теңдік мәселесі өткір талқыланып жатқан кезде, қазақ қоғамы да бұл тақырыптан сырт қалып жатқан жоқ. Бүгінде феминизм – жәй ғана әйел құқығын қорғау қозғалысы емес. Бұл – өмір салтына, отбасылық қарым-қатынасқа, бала тәрбиесі мен еңбекке, тіпті ұлт болашағына әсер ететін идеологемаға айналды.**

Феминизм – әйел затының қоғамда қадірленбеуі мен адам ретінде бағаланбауы салдарынан XVIII ғасырда Еуропада пайда болған үрдіс. Француз төңкерісінен кейін бұл идеялар Англияға өтіп, ары қарай АҚШ пен бүкіл Еуропаға тарады. Алғашында бұл қозғалыс әйелдің дауыс беру құқығы, білім мен еңбекке араласу мүмкіндігі секілді әділ мақсаттарды көздеді. Алайда, уақыт өте келе феминистік ұрандар шектен шығып, өз табиғатынан алшақтай бастады. Қазіргі таңда қоғамда ер-азаматты кемсіту, үй шаруасымен айналысудан шошыну, ана болудан бас тарту, некені жоққа шығару сынды ұстанымдар етек ала бастады. Мұндай көзқарастар, тіпті адам табиғатына қайшы келетін, әлеуметтік тұрақтылықты шайқалтатын ағымға айналып бара жатқандай. Феминизм ұғымы аясында әйелге «шексіз бостандық» ұстанымы сіңіріліп, «өміріңді қалай қаласаң, солай сүр» деген тұжырым отбасы институтының әлсіреуіне, жауапкершіліктің азаюына алып келді. Тіпті, отбасылық өмірді «бостандықты шектейтін тұзақ» ретінде көрсету белең алды. Нәтижесінде

феминизм идеясының түпкі мәні – әйелдің қоғамдағы орнын нығайту емес, отбасы құндылықтарын ыдырату бағытына қарай ойысып бара жатқандай. Бүгінде феминизмнің либералдық, радикалдық, марксистік, мәдени және ислами бағдарлардағы бірнеше ағымы бар. Әрқайсысы әйел құқығын қорғаудың өз жолын ұсынады. Жалпы, бұл қозғалыс тұрмыстық зорлық-зомбылықпен, жыныстық қысыммен, еңбек нарығындағы жыныстық алалаушылықпен күресу арқылы тек әйелдердің ғана емес, бүкіл қоғамның әділетті болуына ықпал ету мақсатын көздейді. Халқымыз ежелден әйелге ерекше құрметпен қараған. Ана бейнесі тек бала өсіруші емес, ел тәрбиелеуші ретінде дәріптелген. Домалақ ана, Айғаным, Бопай ханым сияқты тарихи тұлғалар – соның дәлелі. Дала заңы бойынша, әйелге қол көтеру – ұят, кемсіту – жазаға тартылатын іс болған.

Дегенмен, мұндай құрмет әйелдің қоғамдағы шынайы еркіндігін білдірмегені де рас. Кеңестік кезең әйелдерді қоғамдық өмірге белсенді араластырып, жұмысқа тартты. Бірақ бұл шынайы теңдік емес, жоспарды орындау үшін еңбек күшін көбейтудің бір жолы еді. Әйел екі еселенген жүктемеде – үйде де, түзде де еңбек етті. Бүгінде феминизм ұғымына байланысты қазақ қоғамында екі түрлі көзқарас қалыптасқан: бірі мұны заман талабы деп санайды, енді бірі оны ұлтқа, дәстүрге қарсы ағым ретінде қарастырады. Әсіресе, жастар арасында феминизмнің таралуы белсенді жүріп жатыр. Бұған әлеуметтік желілердің әсері айтарлықтай. Кезінде қысым, зорлық-зомбылық көрген қыздар блогерлікпен айналысып, TikTok, Instagram арқылы өз құқықтарын қалай қорғағандарын айтып, өз кәсіптерін жүргізіп отыр. Олар әйелдің өзін-өзі дамытуы, жеке шекарасы, өз құқықтарын қалай

қорғау керектігі жайлы замандастарына кеңес береді. Алайда, кей жағдайда бұл контенттердің отбасылық құндылықтарға қарсы үгіт құралына айналып кететін тұстары да жоқ емес. Сондықтан бұл ұғымның мағынасын сауатты саралап, дұрыс түсіне білген жөн. Сөзімізді түйіндесек, феминизм – әйелді еркекке қарсы қоюшы құбылыс емес, қоғамға теңдік пен әділеттілік ұсынушы идея. Ол «еркек пен әйел тең» демеиді, «екеуінің де құқығы тең болуы керек» дейді. Әзірге «қазақ қоғамы феминизмге дайын ба?» деген сауалға нақты жауап беру қиын. Себебі, қоғамның өзі – сан алуан пікірлердің, мәдениеттердің, дүниетанымдардың жиынтығы. Бір

өңірде әйелдер еркін жұмыс істеп, қоғамдық өмірге белсене араласып жүрсе, ал басқа аймақта барлығы керісінше, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен дін сенім-нағымдарымызға орай нәзікжандыларға белгілі бір шектеулер мен тыйымдар да жоқ емес. Ең бастысы – феминизмнің түпкі мақсаты дұрыс сараланып, оны жекелеген, теріс ұғымға жетелейтін шектен шыққан көзқарастармен шатастырмаған жөн. Адвокат ретінде мен осындай мәселелерде әйелдердің құқығын қорғауға міндеттімін. Феминизм – әйелдердің мүддесін қорғауды ғана емес, қоғамның да дамуын көздейді. Құқықтық мемлекетте әр адамның (ер, әйел, мүгедек, зейнеткер) тең құқықта болуы маңызды. Феминизм осы теңдікке жол ашады. Ал феминизмді заңмен қолдау – прогрессивті қоғамның белгісі. Көп елдерде гендерлік теңдік заңмен қорғалған. Атап айтқанда: квоталар (мысалы, парламентте әйелдер саны); гендерлік зорлыққа қарсы нақты жазалар; жалақыдағы теңсіздікпен күрес. Келешекте елімізде бұл бағыттарда нақты шаралар қолға алынып, нәтижелі қадамдар жасалуы қажет.

✓

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльнура КІШКЕНЕБАЕВА,  
адвокат:

Заңмен қолдау –  
прогрессивті қоғам белгісі

Феминизмге заң тұрғысынан қарасак, бұл – әйелдер мен ерлердің тең құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған қозғалыс. Ол азаматтық, еңбек, отбасылық және қылмыстық құқық салаларында гендерлік теңдікті талап етеді. Бұл – ерлерге қарсы күрес емес, заң алдындағы теңдік туралы көзқарас. Феминизмді заңгер, адвокат ретінде мен былайша тұжырымдар едім:

- Конституциялық құқық – теңдікке негізделеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабында: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» делінген. Бұл – феминизмнің басты ұстанымдарының бірі.
- Заңда бар теңдік өмірде сақталуы керек. Құқықтық нормаларда әйелдер мен ерлердің құқықтары тең деп жазылғанымен, нақты өмірде әйелдердің құқығы жиі бұзылады. Мәселен, жұмысқа қабылдаудағы дискриминация, отбасындағы зорлық-зомбылық, шешім қабылдаудан шеттетілу.

●

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

**Мегаполисте Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Отбасын қолдау орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Әкелер институты: заманауи сын-қатерлер және оны нығайтудың жолдары» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.**

Іс-шараның басты мақсаты – отбасындағы әкенің рөліне назар аудару, ер-азаматтардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру және әкелік мәдениетті қалыптастыру жолдарын талқылау. Бұл басқосу түрлі сала мамандарын, қоғам өкілдерін және мемлекеттік органдардың қызметкерлерін бір алаңда тоғыстырды. «Дөңгелек үстелге» қатысқан спикерлер қатарында азаматтық қоғам белсенділері, ғылыми-академиялық орта өкілдері, Ақсақалдар мен Ардагерлер кеңестерінің мүшелері, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, прокуратура өкілдері, отбасылық және әлеуметтік саясат саласының мамандары болды. – Мұндай маңызды кездесулер арқылы біз қоғамға қажет, өміршең тақырыптарды ортаға шығарамыз. Қазіргі жастардың кейде теріс бағыттарға бет бұрып, негативті дүниелерге көбірек еліктейтіні алаңдатады. Осындай маңызды мәселе-

## ЕР-АЗАМАТ – ОТБАСЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



лерді көтеретін, қоғамға пайдалы мазмұн ұсынатын алаңдар әлі де жетісе бермейді. Біздің қоғамда көп жағдайда «қыз бала мынадай болуы керек, ұл бала мынадай болуы керек» деген таптаурын түсінік қалыптасқан. Менің ойымша, бұл – дұрыс емес. Біз бала тәрбиесіне жынысына емес, адамгершілік пен жауапкершілік тұрғысынан қарауымыз керек, – деді белгілі интервьюер Тимур Балымбетов. Іс-шараға қатысушылар қазіргі қоғамдағы әке рөлінің әлсіреуіне әсер ететін бірнеше факторларды атап өтіп,

мәселенің шешілу жолдарын кеңінен сөз етті. Және де Қазақстандағы бұл жағдайға қатысты ситуацияны да талқылады. Қазіргі кезде ер адамдардың бала тәрбиесіне қатысуының төмендеуі, алимент төлеуден жалтару жағдайлары, отбасылық жауапкершіліктің тек анаға жүктелуі сияқты мәселелер сараланды. «Дөңгелек үстел» соңында қатысушылар отбасылық институтты нығайту, ер-азаматтардың отбасылық жауапкершілігін арттыру және әке мәртебесін көтеру мақсатында бірқатар ұсыныстар айтты.

✓

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жандай Сана ШАЙХАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы Отбасын қолдау орталығының директоры:

Тәрбие мен  
өнегенің тірегі

Біз қоғам үшін өте маңызды мәселе – әкелер институтын дамытуға арналған жиында бас қостық. Қазіргі заманда әкелерге ерекше назар аудару қажет. Себебі, олар – отбасындағы тәрбие мен өнегенің тірегі. Әкенің дауысын есту, оның пікірімен санасу – баланың тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Отбасын қолдау орталығы ретінде біз отбасындағы түрлі қиын жағдайлармен жүйелі түрде жұмыс істейміз. Қиындыққа тап болған әкелерге, аналарға көмек көрсету – біздің басты міндетіміз. Бірақ біз әкелерге де өз жауапкершіліктерін ұмытпау керектігін үнемі еске саламыз. Олар ең алдымен – өз балаларына жауапты.

Бетті әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.





### Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу: жас көшбасшыларға берілген мүмкіндік

2025 жылғы 1 маусымнан бастап Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталды. Бұл – дарынды, бастамашыл және жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тартуға бағытталған стратегиялық бастама. Жоба Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып, бүгінгі күні еліміздің кадр саясатының маңызды элементіне айналды.

**Биылғы іріктеудің ерекшелігі қандай?**

Төртінші іріктеудің басты жаңалығы – салалық пропорционалды тәсілдің енгізілуі. Әрбір салалық бағыт бойынша нақты квоталар белгіленіп, үміткерлер тек өз саласында ғана бәсекеге түседі. Бұл тәсіл резервтің мемлекеттік қажеттіліктерге сай теңгерімді қалыптасуын қамтамасыз етеді.

**Қатысу талаптары қандай?**

Үміткерлерге қойылатын талаптар өзгеріссіз қалды:

- жасы – 35-тен аспауы тиіс;
- жоғары білімі болуы керек;
- кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі болуы қажет;
- қазақ тілін В1 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгеруі тиіс.

Қатысуға жіберілмейді:

- Президент тағайындаған тұлғалар;
- саяси мемлекеттік қызметшілер;
- «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері;
- Президенттік жастар кадр резервінің қазіргі мүшелері.

**Іріктеу қалай өтеді?**

2019 жылғы 27 тамыздағы №141 Президент Жарлығына сәйкес, іріктеу алты кезеңнен тұрады және 2025 жылдың қазанына дейін жалғасады.

**I кезең (1–30 маусым)**

Құжаттарды қабылдау арнайы ақпараттық жүйе арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

**II кезең (2–3, 9–10 тамыз)**

Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау.

Барлық талапқа сай үміткерлер мәтінмен жұмыс істеу тестінен өтеді. Жоғары ұпай жинаған үміткерлердің 50%-ы ғана сандық ақпарат бойынша тестке жіберіледі.

Нәтижесінде – әр бағыт бойынша 100-ден аспайтын, жалпы 600 үздік үміткер келесі кезеңге өтеді.

**III кезең (16–17 тамыз)**

Салалық бағытқа байланысты нақты жағдайларды шешуге арналған эссе жазу. Бұл кезең онлайн форматта өтеді.

Қорытынды бойынша 300 үміткер келесі кезеңге жолдама алады.

**IV кезең**

Екі блоктан тұрады:

• Ассесмент-орталық (22–28 тамыз) – Мемлекеттік басқару академиясы базасында офлайн өтеді.

Үміткерлердің көшбасшылық, аналитикалық ойлау, проактивтілік және басқа да басқарушылық қабілеттері бағаланады.

• Құзыреттер бойынша сұхбат (23–28 қыркүйек) – кәсіби HR-мамандармен өткізіледі. Үміткердің ішкі мотивациясы мен құндылықтық бағдарлары анықталады.

Бұл кезеңнің қорытындысы бойынша 150 қатысушы таңдалып алынады.

**V кезең (8–15 қазан)**

Сараптамалық комиссиямен сұхбат. Нәтижесінде 100-ден аспайтын үміткерден тұратын тізім Ұлттық комиссияның қарауына ұсынылады.

**VI кезең (25 қазанға дейін)**

Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, ең үздік 50 үміткер Президенттік жастар кадр резервіне қабылданады.

**Жастарға үндеу**

Бүгінгі таңда еліміз үлкен өзгерістер мен жаңа сын-қатерлер алдында тұр. Мұндай кезеңде кәсіби, прогрессивті және нәтижеге бағытталған мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастыру ерекше маңызды. Мемлекеттік аппаратқа – білімді, адал әрі еңбекқор жастар қажет. Олар елге қызмет етуді өз борышы санайды.

Президенттік жастар кадр резерві – бұл жай ғана мансап мүмкіндігі емес. Бұл – ел тағдырына әсер ету, үлкен өзгерістердің бір бөлшегі болу, халық игілігі үшін еңбек ету мүмкіндігі.

**Құрметті жас жастар, елге!**

Егер сізде күш-жігер, елге деген жанашырлық және өзгерістерге ұмтылыс болса – осы мүмкіндікті жіберіп алмаңыз! Іріктеуге қатысыңыз, еліміздің болашағын бірге қалыптастырайық!

Қазақстан болашағы – сіздердің қолдарыңызда!

**А.Т.ЕСМАҒАНБЕТОВА,**

**Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Департаментінің бас маманы.**

### Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өткізілуде

Биылғы жылдың 1 маусымынан бастап еліміздің барлық өңірлерінде Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы №141 Жарлығымен бекітілген Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес, резервке іріктеуге отыз бес жастан аспаған, жоғары білімі және бес жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

Іріктеуге қатысу үшін келесідей мынадай құжаттар ұсынылады:

- жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- білім туралы құжаттың көшірмесі;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- мемлекеттік тіл бойынша емтиханды тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификат.

Осы ретте Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысының міндетін атқарушы Ш.Әлімханның сұхбаты.

**Тілші:**

**Құрметті Шынарай Әлімханқызы, бүгінгі таңда іріктеу туралы айтып өтсеңіз?**

**Ш.ӘЛІМХАН:**

Өздеріңізге мәлім, дарынды, бастамашыл, жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тартуға бағытталған Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған болатын.

Бұған дейін үш іріктеу өткізілгенін білесіздер. Атап айтқанда, 2019, 2021 және 2023 жылдардағы іріктеулерге 60 мыңнан астам азамат қызығушылық танытты, олардың нәтижелері бойынша резервке 400 адам қабылданды (2019 жылы – 300 адам, 2021 жылы – 50 адам, 2023 жылы – 50 адам).

Резервке алынған 400 адамның 318-і мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда жұмыс істеуде, яғни жалпы санының 80%-ы жұмысқа орналастырылды.

Биыл Агенттік Президенттік жастар кадр резервіне кезекті төртінші іріктеу өткізілуде.

Төртінші іріктеудің ерекшелігі – әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Яғни резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілетін болады.

Кандидаттарға қойылатын жалпы талаптар бұған дейін өткізілген іріктеудің талаптары сияқты, яғни кандидаттардың жасы 35-тен аспауы, жоғары білімінің, бес жылдан кем емес еңбек өтілінің және қазақ тілін меңгеруі В1 деңгейінен төмен емес болуы туралы талаптар сақталатын болады.

**Тілші:**

**Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу не үшін өткізіліп отыр, мақсаты қандай?**

**Ш.ӘЛІМХАН:**

Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекеттік басшысының талантты жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту жөніндегі бастамасы.

Негізгі көздеген мақсаты – мемлекеттік аппараты жетілдіру және басшылардың жаңа буынына жол ашу.

Резервке іріктеу жоғары кәсіби қасиеттер негізінде олардың мансабын өсіруге мүмкіндік береді. Олардан елді дамытуға тың серпін беретін жаңа идея мен нәтижелі жұмыс күтеміз.

**Тілші:**

**Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу қандай кезеңдерден тұрады?**

**Ш.ӘЛІМХАН:**

Резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

- кандидаттардың құжаттарын қабылдау;
- мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау;
- ситуациялық тапсырмаларды шешу;
- құзыреттерді бағалау;
- Резервке іріктеу жөніндегі сарапшылық комиссияда кандидаттармен әңгімелесу;
- Сарапшылық комиссия ұсынған кандидаттарды Ұлттық комиссияның отырысында қарау.

**Тілші:**

**Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу жөніндегі сарапшылық комиссияның құрамында кімдерден болады?**

**Ш.ӘЛІМХАН:**

Сарапшылық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі, соның ішінде мемлекеттік органдардың басшылары қатарынан айқындайды.

**Тілші:**

**Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу қанша уақытқа созылады?**

**Ш.ӘЛІМХАН:**

Президенттік жастар кадр резервіне құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 1 маусымынан басталып, іріктеудің барлық кезеңдері 25 қазанына дейін жалғасады.

### Мемлекеттік органдардағы жұмыс уақыты режимінің сақталуы бойынша

«Жұмыс уақыты» ұғымы мемлекеттік қызметші жұмыс берушінің актілеріне сәйкес лауазымдық міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ еңбек заңнамасына, сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдерін білдіреді. Кезеңнің ұзақтығы жұмыс күнінің еңбек жағдайларына байланысты. Жұмыс уақытын тиісті ұйымдастыру басшыға да, қызметкерлерге де бірдей қажет. Басшының бақылауы ұжымдағы жұмыс тәртібінің қалыпты болуына және әділ еңбекақы төлеуге кепілдік береді. Қолданыстағы заңнама қызметкерлерді басқа уақытта кәсіби міндеттерді орындау үшін үстеме жұмысқа тартуға тыйым салмайды.

Алайда, көбінесе мемлекеттік органдар қызметкерлердің құқықтарын бұзады және әрбір жұмыс беруші еңбек заңнамасының барлық бұзушылықтарын түзетуге тырыспайды, ал қызметкерлер өз кезегінде өз құқықтарын қорғауға асықпайды.

**Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзуының негізгі себептері:**

- Қолданыстағы еңбек заңнамасын елемей;
- Көптеген жұмыс берушілердің құқықтарын дұрыс білмейуі;
- Еңбек заңнамасын орындағысы келмейтін жекелеген жұмыс берушілердің құқықтық нигилизмі.

Әрбір қызметкер көп жағдайда жұмыстан шығарып жіберілуден қорқып шағымдана бермейді. Еңбек заңнамасын бұзу оның орындалуына бақылаудың болмауынан да туындайды. Өз кезегінде жұмыс берушілерде бұл жағдай бақыланбайды деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жұмыс уақыты режимінің сақталуын мониторингілеу бойынша құзырет беру жөніндегі заңнамалық түзетулер 2023 жылдың наурыз айында енгізілді және бұл, өз кезегінде, жұмыс уақыты режимін бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін қатаңдатуға арналған қажетті құрал болып табылады.

Аталған мониторингті жүзеге асыру үшін Агенттік Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 бұйрығымен Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді.

Мәселен, осы Қағидаларда мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтау мониторингін уәкілетті органның лауазымды адамдары бармай, сондай-ақ мемлекеттік органға бару арқылы жүзеге асыратыны көзделген.

Мониторинг мемлекеттік органға бармай-ақ тұрақты негізде жүзеге асырылады. Ақпараттық жүйелерде көрсетілген мәліметтер, уәкілетті органға не оның аумақтық бөлімшелеріне мемлекеттік органдар ұсынатын деректер, қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесінің деректері, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланымдар бармай жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жасау көзі болып табылады. Оның ішінде мемлекеттік органдар уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытын есепке алу нәтижелері туралы деректерді ай сайын ұсынады.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында 46 қызметкерлерде 58 сағат 15 минуттан астам жұмыс уақыты режимін сақтау бойынша құқықтары бұзылған фактілері анықталды.

Мемлекеттік органға бару арқылы Мониторинг мемлекеттік органдарға бару жоспарына (будан әрі – жоспар) сәйкес бір тоқсан ішінде кемінде бір рет жүзеге асырылады. Жоспарларды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері бір жылға бекітеді және мүдделі мемлекеттік органдарға алдын ала жіберіледі.

Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органға бару арқылы тиісті мониторинг жоспардан тыс негізде, бірақ жылына екі реттен аспайтын негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары мониторингті жүзеге асыру мақсатында сәйкестендіру карталарын көрсеткен кезде мемлекеттік органдардың ғимараттарына кедергісіз кіруге құқылы.

Бару барысында уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары түсініктеме талап ете алады, сондай-ақ тіркеулі техникалық құралдарын пайдалана алады.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс орнында жұмыс уақытынан тыс болу фактілерін уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары актілейді.

Мемлекеттік органға бара отырып, жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу үшін Әдеп жөніндегі үкілдер мен жұртшылықтың өкілдері тартылуы мүмкін. Жұмыс уақыты режимін сақтау мониторингінің нәтижелерімен ден қою шараларын қабылдау үшін, оның ішінде жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алу және оған жол бермей бойынша Мемлекеттік органдардың атына тиісті ұсыныстармен мен хаттар жолданады. Жоғарыда көрсетілген норманы сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 89-бабында жімшілік жауапкершілік көзделген. Бұл ретте жұмыс берушінің не қабылдаушы тараптың жұмыс уақыты мен күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысуымының) қалыпты және ықсартылған ұзақтығын заңсыз асыруы ескертуге әкеп соғатыны, ал қайтапал бұзушылық болған жағдайда айыппұл көзделгенін атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғанның негізінде осы Ережелер қызметкерге оның құқықтары сақталатынына кепілдік береді деп айтуға болады, ал жұмыс беруші заңнаманы толық орындауға міндетті.

2025 жылдың 1 жартыжылдығында Агенттіктің Алматы қаласы бойынша департаментімен 17 мемлекеттік органға 21 рет бару арқылы жұмыс уақыты режимін сақтау мониторингі жүргізілді. Нәтижесінде 35 қызметкерлерде 43 сағаттан астам жұмыс уақыты режимін сақтамау бойынша фактілері анықталды.

Сонымен қатар, Департаментпен 2025 жылдың 1 жартыжылдығында жұмыс уақыты мониторингі нәтижесінде 2 жімшілік және 1 тәртіптік жауапкершілікке тиісті лауазымды адамдар тартылды.

Аталған бағытта жұмыс жалғасатын болады.

**Н.С.ӘУЕЗОВ,**

**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының жетекші маманы.**

### Бұзылған құқықтарды қалпына келтіру: Мемлекеттік қызмет істері департаментінің рөлі

Мемлекеттік органдардың қызметінде азаматтардың өтініштерін қарау жұмысының маңызы зор, өйткені мемлекеттік органдардың қызметкерлері азаматтардың проблемалық мәселелерін қарауға мұқият қарайтын, заң талаптарын түсіндіріп, бұзушылықтарды жоюға көмектесетін жағдайларда клиентке бағытталған мемлекеттік аппаратты құру мүмкін.

Тәжірибеде әлі де болса азаматтардың құқықтары мен мүдделерін бұзу жағдайлары – мемлекеттік органдардың өтініштерді қарау мерзімдерін негізсіз бұзуы, мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсетпеу, дәлелсіз бас тартулар беру, бұл тұрғындардың арыз-шағымдарына әкеп соғады.

Әрбір азамат өз мәселелерін шешуге мүдделі, мысалы, белгілі бір қызметпен айналысу құқығын беретін рұқсат құжатын алу, тұрғын үй салу/жөндеу және оны заңдастыру, жер телімін алу, балаларды білім беруі уәйымына орналастыру және басқа да мүдделер, алайда, қызмет алушылардың барлығы бірдей қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен, қызмет көрсету тәртібі мен тәртібімен таныс емес.

Осыған орай, әрбір мемлекеттік қызметшіден азаматтармен сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сайтта қолжетімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету, тікелей орындаушылармен және өтініш берушімен (азаматтарды қабылдау) жұмыс кездесулерін ұйымдастыру, қызмет көрсету тәртібі туралы тұрғындарды үнемі хабардар ету талап етіледі.

Мемлекеттік қызмет істері департаментінде мемлекеттік органдардың өкілдері мен өтініш берушілер арасында тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырылып, онда өтініштегі әрбір дәлел жан-жақты зерттеліп, бас тарту себептері түсіндіріліп, мәселені шешу жолдары түсіндіріледі.

Басқарманың қызметі толығымен азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған жұмыстарды сапалы ұйымдастыруға бағытталғанын атап өткен жөн. Осы мақсатта Telegram желісінде азаматтарға өзекті мәселелерді шешу үшін өз өтініштерін, өтініштерін, шағымдарын, өтініштерін жіберуге мүмкіндік беретін платформа жұмыс істейді.

2024-2025 жылдың 1-тоқсаны аралығында бұзылған мүдделерін қорғауға жүгінген азаматтардың қалпына келтірілген құқықтарының үлесі 70%-ды, Telegram платформасы арқылы қалпына келтірілген құқықтардың үлесі 66%-дан астамды құрады.

Мысалы, Департаментпен азамат Н.-ның жүргізуші куәлігінің телнұсқасын беру бойынша мемлекеттік қызметті алу кезіндегі құқықтарын қалпына келтіруге көмек көрсетілді. Атап айтқанда, өтініш беруші «Gov- mobile арқылы жүргізуші куәлігінің телнұсқасын алуға өтініш берген. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 90 минутты құраса да, өтініш берушіге бір ай күтуге тура келді.

Шағым бергеннен кейін департамент қызметкерлері қызмет көрсетушіге хабарласып, ұзақ күтудің себебі шағымданушыға хабарланбаған техникалық ақаулар екенін анықтады. Басқарманың араласуымен Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы заң бұзушылықтарды жойып, азаматқа жедел түрде мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Құқықтардың қалпына келтірілуіне азаматтардың шағымын қарау бойынша департаменттің іс-әрекетін де келтіруге болады. Ш. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен түсті металдарды жинауға, өңдеуге және өткізуге рұқсат беруге байланысты мемлекеттік қызметті көрсетуден заңсыз бас тарту туралы.

Шағымға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін уәкілетті мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты уақытылы сұратпаумен байланысты ішкі процестерді бұзуы себеп болды.

Қажетті құжаттар мен мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесі зерттеліп, өтініш берушінің дәлелдері расталды. Кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Өкінішке орай, осыған ұқсас жағдайлар басқа салаларда да орын алып отыр, соған байланысты басқарма тексеру іс-шараларын жүргізеді, тиісті заңнаманы зерделейді, қажет болған жағдайда уәкілетті органдарға сауалдар жолдайды, лауазымды тұлғалардан түсініктемелер сұрайды, жағдайды түсіндіру үшін өтініш берушімен және мемлекеттік органдардың өкілдерімен жұмыс кездесулерін ұйымдастырады.

Осыған байланысты мен мемлекеттік органдарды сапалы қызмет көрсетуге және қызмет алушыға бағдарлануға шақырғым келеді, өйткені азаматтардың мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына қанағаттануы олардың жұмысының сапасына байланысты, бұл қызмет көрсетуге және қызмет алушыға бағытталған мемлекеттік аппарат құру үшін талап етіледі.

**Шынарай ӘЛІМХАН,**  
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысының м.а.**

### ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН БҰЗУ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ШЕҢБЕРІНЕН ТЫС ЖҰМЫСЫ

Еңбек заңнамасын сақтау – мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігінің негізі. Алайда, жақында бір мемлекеттік органда орын алған оқиға кейбір жағдайда бұл нормалардың сақталмайтынын көрсетті. 21 мамыр 2025 жылы өтініш беруші осы мәселе бойынша Департаментке жүгінген. Өтініште мемлекеттік орган қызметкерлерінің жұмыс уақыты шеңберінен тыс жұмыс істеу фактісі көрсетілген. Тексеру барысында қызметкерлердің өз міндеттерін белгіленген уақыттан кейін орындағаны анықталды.

Өтінішке жауап беру процесі кешкі уақытта жүргізілген.





Республикалық фотобайқау:

# «МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ТАЗЫМ»

Жеңімпаздар Қазақы ит тұқымдары күні жарияланады

**А**там қазақ тазыны ерекше қастерлеген. «Еттің бәрі қазы емес, иттің бәрі тазы емес» деп, басқа үй жануарларынан бөлек көріп, жақын тұтқан. Тарихта қыздың қалың малына тазы сұраған оқиғалар да болған деседі. Ашаршылық кезінде бір тазы бір ауылды аштықтан аман алып қалыпты деген де аңыз бар.

Нұржамал  
ӘЛІШ

Сақ заманынан бері қазақтың сән-салтанатын білдіретін, саятшылықтың белгісі саналатын құмай тазыға Мемлекет басшысы ұлттық құндылық ретінде қарауды тапсырғаны мәлім. Көп ұзамай тазы мен төбетті сақтау, көбейтуге қатысты заң да қабылданды.

Алматының рухани жүрегі болып саналатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі «Мен және менің тазым» республикалық фотобайқауын жариялаған болатын. Оған еліміздің барлық өңірінен суреттер келіп түсуде. Ал музейдің баспасөз қызметінен «Алматы қаласынан байқауға қатысып жатқан балалар бар ма?» деп сұрап едік, әзірге ешкімнен өтініш түспепті.

Айтпақшы, фотобайқау қорытындысы осы жылдың 3 қыркүйегінде Қазақы ит тұқымдары күнінде жарияланатын болады. Оған дейін біраз уақыт бар. Құрметті алматылық балдырғандар, мүмкіндікті жіберіп алмаңыздар дегіміз келеді.

## СЫРҒА

**Айғаным СЕЙІТБЕК – 4-сынып оқушысы. Жетісу облысынан. Суретінің астына «Балалық шақ және тазы» деген тақырып қойыпты.**

«Менің тазымның аты – Сырға. Ол жәй тазы емес, адал досым. Серігім. Сырласым. Біреуге өкпелеп қалсам, осы досыма айтамын, мұң шағамын. Жүгіргенде желмен жарысады. Жанары сондай мөлдір, әрі таза. Ол – адалдықтың белгісі.



## АҢҚОЙМАС пен МОЙНАҚ

**Әлихан ЖАКИМОВ – Теміртау қаласынан. 4-сынып оқушысы. «Әлем» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының тәлімгері.**

Ол өзінің ең адал достары – Аңқоймас пен Мойнақ үшеуінің берік байланысын көрсететін фотосуреттерін «Менің достарым» деп атапты.


«Атамның сыйлаған тазылары – менің алтын қазынам. Аңқоймас пен Мойнақ қаладан келгенімде сағынып қарсы алады. Алдымнан жүгіріп шығады. Екеуімен серуендегенді ұнатамын. Тазыларымның ақылдылығы мен сақтығына, тектілігіне қайран қаламын, әрі сүйсінемін», – дейді балақай.

## АЛҒЫР

**Тиара ЖАЙЛЫБАЕВА – Қарағанды қаласынан. 2-сынып оқушысы. Басты қолдаушысы – анасы Сәуле.**

«Менің бақытты балалық шағымның кепілі – сүйікті ата-анам, бірге өскен бауырларым, жақсы көретін ата-әжем және достарым, сондай-ақ адал итім – Алғыр. Мен үшін Алғырдың көзі сондай мейірімді және ол маған өте адал», – деп жазыпты фотосының астына.

## КАРИКАТУРА



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.